Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 39 (1302)

09.10.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ӨЗЕКТІ

ІЗДЕУ САЛАМЫЗ!

Қаратал ауданы әкімі Досымбеков Ұлан Әлдибекұлының назарына !

«АЛАТАУ» ГАЗЕТІНІҢ 3 ШІЛДЕДЕГІ № 26 НӨМІРІНДЕ ҚАЗІР ҚАРАТАЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ (БҰРЫН БӨРЛІТӨБЕ АУДАНЫНА ҚАРАҒАН) «ҚЫЗЫЛ БАЛЫҚ» ДЕП АТАЛҒАН АУЫЛДЫҢ ТҰРҒЫНЫ , ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСЫП, БРЕСТ МАҢЫНДАҒЫ БЕЛОСТОК ҚАЛАСЫНДА 1941 ЖЫЛЫ СОҒЫСТЫҢ 4-ШІ КҮНІ 25 МАУСЫМДА ҚАЗА ТАПҚАН, АЛАЙДА «ХАБАРСЫЗ КЕТКЕНДЕРДІҢ» ЕСЕБІНДЕ БОЛҒАН ЖАУЫНГЕР ЖЫЛЫСБАЕВ ӘБДУӘЛИДІҢ МҮРДЕСІ ТАБЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАҒАН ЕДІК.

Польшаның «Әскери археология» деп аталатын волонтерлары тапқан Брест маңындағы Белосток қаласындағы шайқаста қаза болған жауынгерлердің жалпы саны 157 мүрде, ал олардың 49-ы медальондарымен, 21-і құжаттарымен табылған. Солардың ішінде Жылысбаев Әбдуәлидің мүрдесінен табылған медальонда «анасы Жылысбаева Кумасай(қазақшасы Күмісай болуы мүмкін), Бөрлітөбе ауданы, «Қызыл балық» ауылдық кеңесі, «Жаңа Ундрус» колхозы деп жазылған – деп хабарлады бізге Қазақстандағы «Ерлік. Даңқ» іздеу отрядының үйлестірушісі және командирі Арман Мұқанов.

Табылған мүрделерді поляк волонтерлары Польшаның Гайновка қаласындағы Кеңес жауынгерлерінің зиратына жерлеген. Осы күнге дейін аттары белгілі болған жауынгерлердің туыстарын іздеу жұмыстары жалғасуда. Бүгінде олардың тек 13-нің ғана туыстары табылып отыр. Десек те, үміт бар.

Әрине, көп уақыт өткен соң соғыстан қайтпағандардың жақындарын іздестіру де оңай шаруа емес. Соғыстың басталғанына да биыл 85 жыл өтті. Артында қалғандардың тірілері де талай жаста болар...

1917 жылы дүниеге келген Жылысбаев Әбдуәли(құжатта АБДУВАЛИ – деп жазылған) әскерге жауынгерлік міндетін өтеуге 1939 жылдың 30 мамырында шақырылып, 333 атқыштар полкінің 6-шы дивизиясының 3-ші батальоны, 9-шы ротасында жауынгерлік міндетін атқарып жүрген. Соғыс басталғанда ол небәрі 24 жаста болған...

Жылысбаевтар әулетінен өмірде бар туыстары немесе жекжат-жұраттары, осы әулетті танитын, білетіндер болса мына телефондарға хабарласуларыңызды өтінеміз: «Алатау» газетіне 8-701-140-75-73. Арман Мұқановқа 8-705-507-86-71.

Қаратал ауданының азаматтары, қоғамдық, азаматтық ұйымдар өкілдері, аудан әкімдігі осы мәселені назарларыңызға алып, Жылысбаев Әбдуәлидің жақындарынан бір ақпарат болатын шығар деген үміттеміз.

«Хабарсыз кетті» деген жауынгердің аты өшпей, далада шашылып қалған сүйегі белгісіз жерде емес, елді қорғап шейіт болған ер жауынгерлер арасында қайта



жерленгендігінің өзі жауынгерге деген үлкен құрмет емес пе? Сол азаматтың туған–туыстарын таппай жатқанымыз - біздің елдігімізге сын – дейді, іздестіру отрядының командирі Арман Мұқанов. Жақында командир Жетісу өңірінен тағы бір «хабарсыз кеткен» жауынгердің есімі белгілі болғанын жеткізді. Ол туралы ақпарат газетіміздің алдағы номерлерінің бірінде жарық көреді.

«Алатау - ақпарат»

БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу бағасы:

редакция арқылы
6 айға – 2 106 теңге.
«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға
6 айға – 3 275,48 теңге.
«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға
6 айға – 4 462,64 теңге.

Цена подписки:

через редакцию
на 6 месяцев – 2 106 тенге.
через «Казпочту» для физических лиц
на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.
через «Казпочту» для юридических лиц
на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.



Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 39 (1302) 09.10.2026 Алатау

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

ПЕДАГОГТАР ПРЕЗИДЕНТ ҚОЛЫНАН МАРАПАТ АЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім берудегі үздік жетістіктері мен Қазақстанға сіңірген айрықша еңбегі үшін ұстаздар мен білім саласының қызметкерлерін марапаттады, деп хабарлайды Politico.kz Ақордаға сілтеме жасап. 5 қазанда Ақордада Ұстаздар күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Марапатталғандар қатарында мектеп мұғалімдері, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, балабақша қызметкерлері және білім саласының ардагерлері бар. Солардың ішінде «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы Талдықорған қаласы Мұхтар Арын атындағы № 24 мамандандырылған лицейінің мұғалімі Жантілеуова Айман Жантілеуқызына берілді.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КҮЗГІ ДЕМАЛЫСЫ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?

Қазақстандық мектеп оқушылары үшін күзгі каникул 26 қазанда басталып, 1 қарашаға дейін жалғасады. Бұл жөнінде Оқу-ағарту министрлігі бекіткен 2026–2027 оқу жылының күнтізбесінде көрсетілген, деп хабарлайды Qaz365.kz.

Ресми кестеге сәйкес, сегіз аптаға созылған бірінші тоқсан аяқталуға жақын және балалар күзде 7 күн бойы демалады. Ал екінші тоқсан 2 қарашада басталып, ол да сегіз оқу аптасынан тұратын болады.

ЕЛДЕ 93 АДАМ ЖЕМҚОРЛЫҚ БОЙЫНША КҮДІККЕ ІЛІНДІ

ҰҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі 2026 жылғы қыркүйекте 106 сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықты тіркеген. Аяқталған істер бойынша келтірілген залал көлемі 3,7 млрд теңгені құрады, деп хабарлайды Ulysmedia.kz.

Қылмыстық істер бойынша 93 адам күдікті деп танылды. Істердің басым бөлігі пара алу, ұрлық, алаяқтық, сондай-ақ лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану және асыра пайдалану фактілеріне қатысты. Бір ай ішінде тергеушілер 81 қылмыстық істі тергеуді аяқтаған. Оның 78-і сотқа жолданды. Бұған дейін хабарланғандай, Қызылорда облысы Қазалы аудандық сотының төрағасы Дәурен Әбдіқалықов пен осы соттың судьясы Серік Бертаев тоғыз жылға бас бостандығынан айырылған болатын. Екеуі де ірі көлемде пара алғаны үшін кінәлі деп танылды. ҰҚК қызметкерлері оларды 2026 жылғы қаңтарда ұстаған.

ТАЛДЫҚОРҒАНДА БОЛҒАН ҚАРУЛЫ ШАБУЫЛ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайына байланысты тіркелген оқиға ер адамның бір жасар баласының жылап, ұйықтауға мүмкіндік бермегеніне ашуланғанынан басталған, - деп хабарлайды BAQ.KZ.

Күйеуі әйелін таңғы сағат 4-ке дейін ұрып-соққан. Әйелдің айқайын естіп, араша түспек болған көршілеріне ер адам суық қару кезенген . Кейіннен әлеуметтік желілерде жартылай жалаңаш ер адамның жеке үйдің ауласында әйелді қуып жүрген видеосы тарады. Жәбірленуші таңертең дене жарақаттарын алған соң полицияға шағымданған. Тәртіп сақшылары күдіктіні бірден қолға түсіріп, одан пневматикалық қаруды тәркіледі. Жетісу облысы ПД бастығының орынбасары Руслан Чарапиевтің мәлімдеуінше, дене жарақатын келтіру және қорқыту деректері бойынша қылмыстық істер қозғалып, күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды. Әйел мен оның бір жасар баласын дәрігерлер тексергеннен кейін, олар дағдарыс орталығына қауіпсіз жерге орналастырылып, психологиялық және әлеуметтік көмек берілді. Бұл оқиға бойынша қылмыстық тергеу амалдары әлі де жалғасып жатыр.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІН БҰЗУШЫЛАР

Жетісу облысы жолдарында соңғы аптада мас күйінде көлік тізгіндеген 7 жүргізуші анықталып, олар 15 тәулікке қамалды және 7 жылға жүргізуші куәлігінен айырылды, – деп хабарлайды Жетісу облысының Полиция Департаменті (@zhetysu.police).

Құқық қорғау органдары өңірде кез келген заң бұзушылыққа «нөлдік төзімділік» таныту мақсатында рейдтік шараларды күшейтуде.

ОҢТҮСТІК КОРЕЯДА ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНДА ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТЫ ҚАЗА ТАПТЫ

Ғимараттың 23-қабатында жұмыс істеп жатқан қазақстандықтың үстіне бетон төбенің бір бөлігі құлап кеткен

Оңтүстік Кореяда құрылыс алаңында Қазақстан азаматы қаза тапты.

Ақпаратты Қазақстан Сыртқы істер министрлігі растады, - деп хабарлайды Qaz365.kz.

Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметінше, қайғылы оқиға 29 қыркүйекте болған. Ғимараттың 23-қабатында жұмыс істеп жатқан қазақстандықтың үстіне бетон төбенің бір бөлігі құлап кеткен. Осы жағдайдан кейін Оңтүстік Кореяның Еңбек министрлігі аталған құрылыс нысанындағы барлық жұмысты тоқтатты.

Қазіргі уақытта кореялық құзырлы органдар оқиғаның мән-жайын анықтап жатыр. Қазақстандық дипломаттар марқұмның туыстарымен байланысқа шығып, қажетті көмек көрсетуде. Айта кетейік, былтыр күзде жарияланған ресми дерек бойынша Оңтүстік Кореяда шамамен 15 мың қазақстандық еңбек етіп жүр.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ДӘРІГЕР ҚАБЫЛДАУЫН АЙЛАП КҮТЕДІ

Құрылтай депутаттары денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназароваға екі депутаттық сауал жолдады - деп хабарлайды Ulysmedia.kz.



1. IT жүйелері дәрігерлердің жұмысына кедергі келтіреді. Ия, бұл рас. Дәрігер сенің ауруыңды тыңдаудан гөрі алдында тұрған компьюьерге көбірек шұқшияды. Өйткені бұл жүйелерде ақау көп, – деп, депутаттар атап өтті. Шалғай ауылдар мен смартфоны жоқ егде жастағы адамдар зардап шегеді. Жүйе істен шыққан жағдайда жұмыс істеудің резервтік тәртібін енгізуді және дәрігерлердің жүктемесін есептеу жүйесін қайта қарауды ұсынды. 2. Маман қабылдауын айлап күтеді. Осы мәселеге байланысты 2026 жылдың алғашқы жартысында 2 925 шағым түскен. Депутаттар қолданыстағы нормативтер арасында қайшылық бар екенін анықтады. Диспансерлік есепте тұрған пациенттерге, бейінді маманға тікелей жазылу мүмкіндігі тек мобильді қосымшалар арқылы берілетінін атап өтті. Бұл егде жастағы адамдар мен ауыл тұрғындары үшін қосымша кедергі туғызады.

КӨКСУ АУДАНЫ



ҰСТАЗДАРҒА ЫҚЫЛАС

Көксу ауданының орталығы Балпық би кентіндегі орталық мәдениет үйінің залын толтырған ұстаздар мен көрермендер көңілі көтеріңкі күйде. Өйткені бүгін аудан әкімі аудандық білім саласында қызмет етіп жүрген ұстаздарды құттықтауға жиналған салтанатты сәт еді. Сахнаға жас бүлдіршіндер шығып, ән шашу жасады. Одан әрі құттықтау сөз аудан әкімі Халелов Дәулет Кенжеханұлына беріліп, ол аудан мұғалімдерін ыстық ықыласпен құттықтады. Көптеген білім саласындағы жетістіктерді мақтанышпен атап өтті. Одан әрі білім министрлігінен, облыстық білім басқармасынан , аудан әкімшілігі атынан келген марапаттар таратылды. Аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сайлаубай Бәзілұлы құттықтау сөз айтты. Мереке соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Мереке өте жоғары деңгейде, тартымды өтті.

ЖЕКЕ БАЛАБАҚША ИЕЛЕРІ ҮКІМЕТКЕ ДАБЫЛ ҚАҚТЫ

Балабақшалар 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті түрде лицензия алуға тиіс, - деп хабарлайды Qaz365.kz тілшісі «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына сілтеме жасап.



2024 жылғы желтоқсанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мектепке дейінгі ұйымдарды 2027 жылдан бастап міндетті лицензиялауды көздейтін заңға қол қойған болатын. «Атамекен» ҰКП басқарушы директоры Азамат Бисенбеновтің сөзінше, қазір өңірлерде құжаттарды қабылдау тәжірибесі әртүрлі болып отыр. Осыған байланысты кәсіпкерлер жаңадан ашылатын және қолданыстағы балабақшаларға қойылатын талаптарды бөлуді, кемшіліктерді жою үшін өтпелі кезең белгілеуді және балалардың өміріне қауіп төнбесе, әкімшілік рәсімдерге бола мемлекеттік тапсырыстан шығармауды ұсынды.

АҚСУ АУДАНЫ

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫ ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ



Ақсу ауданының орталығы Жансүгір кентінде аудандық аурухана үйінің күрделі жөндеуден өтуін көптен күткен халық 7 қазан күні ауруханаының қайта жөндеуден өтуіне байланысты ұйымдастырылған салтанатты жиналыстың куәсі болды.

Үлкеннің де, кішінің де жүздері қуаныпты. Елдің алдына шығып, аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы толық жаңартылған аурухана ғимаратының қолданысқа берілетіндігін жария етті. Жиналған халықтың алдында, Жетісу облыстық денсаулық сақтау басқармасынан келген уәкіл Кенжеғұлова Алмагүл Сахиқызы, облыстық денсаулық сақтау саласының кәсіподақ төрағасы Шалтабаев Асан Мұқанұлы құттықтау сөз сөйледі. Үш қабаттан тұратын аурухана ғимаратының іші, сырты көңіл толарлық бар талапқа сай жөнделінген. Толық күрделі жөндеуден өткен ауруханада ауруларға жақсы жағдай жасалынатындығы байқалып тұр. Ауданда жасалып жатқан жағымды жаңалықтар мұнымен шектелмесін дей отырып, естеріңізге сала кетейік, ауруханаының үш жыл жөнделуі туралы толық ақпаратты газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар. (суретте: жөнделген аурухана)

МҰҒАЛІМ - МӘҢГІ НҰРДЫҢ ҚЫЗМЕТШІСІ

Бұған дейін Ұстаздар күнін Қазақстанда қазан айының алғашқы жексенбісінде атап өтетін. Дүниежүзілік Ұстаздар күніне орай Қазақстан да ұстаздар күнін енді қазанның 5 күні деп, осы датаға бейімдегені белгілі. Бірақ Ақсу ауданы әкімдігі осы айтулы мерекені белгілі себептерге байланысты 7 қазанда атап өтуді жоспарлап, аудан ұстаздары сол күні Жансүгір кентіндегі қобызшы Молықбай Байсақұлы атындағы мәдениет үйінде мерекелі көңіл-күйде аудан әкімімен кездесті. Аудан әкімі Тынышбаев Берік ұстаздарды кәсіби мерекемен құттықтай келе, озық педагогтық тәжірибе көрсетіп, оқушыларға тәлімді тәрбие, білім беріп отырған озат ұстаздарды марапаттады. Мерекелік кездесудің ұйымдастырылуы және өтуі жоғары деңгейде өтті. Мереке соңы өнерпаздардың концертіне жалғасты. Ақсу ауданы әкімінің ұстаздарды құттықтау марапатынан толық мақаланы газетіміздің келесі санынан оқисыздар. (суретте мұғалімдерді құттықтау)



Сембек Абдрахманов

НОВЫЙ ЗАММИНИСТРА ОБОРОНЫ РК ТАТЬЯНА САВЕЛЬЕВА



7 октября 2026 года Татьяна Савельева назначена заместителем министра обороны Казахстана. Новая замглавы оборонного ведомства ранее семь лет проработала вице-министром финансов, затем была депутатом Мажилиса и Курултая – передает Zakon.kz.

Основная часть профессиональной карьеры Татьяны Савельевой связана с бюджетным планированием и государственными финансами. Имеет два высших экономических образования. На государственной службе она трудится с 1999 года. Профессиональная специализация на протяжении многих лет была связана с бюджетным планированием, прогнозированием и управлением государственными финансами. Была вице-министром финансов. Отвечала за вопросы, связанные с государственными расходами и бюджетной политикой. В Парламенте была секретарем Комитета по финансам и бюджету. С мае 2026 года Савельева участвовала в рассмотрении вопросов, связанных с управлением стрессовыми активами и использованием бюджетных средств. В конце сентября 2026 года президент поручил провести комплексную проверку состояния дел в Министерстве обороны, в том числе в сфере финансового и материально-технического обеспечения воинских подразделений.

ПРИ КУРУЛТАЕ СОЗДАДУТ СОВЕТ ПО ВЗАИМОДЕЙСТВИЮ С МАСЛИХАТАМИ

«Курултай постановил создать совет по взаимодействию с маслихатами. Основная цель инициативы – реализация поручения президента, озвученного на первом заседании Қазақстан Халық Кеңесі, в задачи Совета также будет входить изучение успешного регионального опыта и содействие его распространению, будет обеспечивать постоянное участие маслихатов в разработке законов - сообщает Курултай.



АСТАНА, 7 окт — Sputnik. В состав нового Совета войдут представители партий и госорганов страны. Основная цель — обеспечение прямой связи регионов с центральными органами власти. В состав Совета войдут депутаты из постоянных комитетов Курултая, представители политических партий и госорганов, а также председатели маслихатов Астаны, областей и городов республиканского значения. В Совете будет создан секретариат из четырех депутатов Курултая, за каждым из которых закрепят по пять регионов.

БОЛЕЕ 800 ИНОСТРАНЦЕВ ВЫДВОРИЛИ ИЗ КАЗАХСТАНА



В Транспортной полиции 6 октября 2026 года обратились к иностранцам с напоминанием о необходимости соблюдать правила пребывания в Казахстане, иначе ждет наказание вплоть до выдворения, сообщает Zakon.kz.

Например, на территории железнодорожного вокзала станции Астана выявили трех иностранных граждан в возрасте 22, 28 и 33 лет, которые работали строителями-разнорабочими без соответствующих документов, дающих право на работу в Казахстане. В отношении нарушителей составили протоколы. По решению суда им назначено административное взыскание в виде выдворения за пределы РК. За нарушение миграционного законодательства с начала текущего года привлечены к административной ответственности 3 043 иностранца, По решениям судов 837 нарушителей уже выдворены за пределы страны.

ОТ РОБОТОТЕХНИКИ К 3D-МОДЕЛИРОВАНИЮ

В области Жетісу у детей с особыми потребностями начали формировать инновационные технические умения. На краткосрочных курсах, организованных в школе робототехники «Future-IT», юных слушателей обучают робототехнике, 3D-моделированию и лазерным технологиям, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.



Данный курс бесплатно проводит общественный фонд «QRobotics foundation» в рамках государственного социального заказа при поддержке управления координации занятости и социальных программ области.По словам директора школы робототехники «Future-IT» Дамира Нуркежанова, здесь будут обучаться не менее 25 детей в возрасте от 5 до 18 лет с нарушениями слуха, речи и опорно-двигательного аппарата. Дети разделены на группы в зависимости от возраста и навыков в сфере робототехники. Основная цель – обеспечить детям с особыми потребностями равный доступ к современным цифровым и инженерным технологиям, создать условия для их социализации и ранней профессиональной ориентации.

МНОГОДЕТНЫЕ СЕМЬИ ПОЛУЧИЛИ ЖИЛЬЁ



В области Жетісу очередники получили новые жилые дома. Торжественная церемония вручения ключей состоялась в рамках юбилейных мероприятий, посвящённых 90-летию Героя Социалистического Труда Зылихи Тамшыбаевой. Новоселов поздравил аким области Бейбит Исабаев, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Среди них многодетная мать Лаура Азамбаева, мать 8 детей, получившая новое жилье. В селе «Зылиха Тамшыбай» было построено 15 индивидуальных жилых домов. В этот день очередникам передали 5 домов. Остальные 10 домов также готовы к эксплуатации. Общая площадь каждого жилого дома составляет 73,0 квадратных метра. Передачу этих домов гражданам в установленном порядке осуществляет АО «Отбасы банк».

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

БОЛЕЕ ДВУХ ТЫСЯЧ НАРУШЕНИЙ ВЫЯВИЛИ ДРОНЫ НА ДОРОГАХ ЖЕТІСУ

Новые технологии помогли сотрудникам патрульной полиции области Жетісу выявить 2 204 нарушения правил дорожного движения. В их числе — выезд на встречную полосу, непристегнутые ремни безопасности и использование телефона за рулем, передает корреспондент Kazinform.

С начала года с помощью беспилотников зафиксировано 124 факта выезда на встречную полосу. Еще 255 нарушений связаны с использованием ремней безопасности. В 211 случаях водители пользовались телефоном во время движения. За каждым из этих нарушений стоит потенциальная угроза для жизни и здоровья людей. Выезд на встречную полосу может привести к лобовому столкновению, использование телефона отвлекает внимание от дороги, а непристегнутый ремень повышает риск тяжелых травм при ДТП. Именно поэтому воздушный контроль рассматривается не только как способ зафиксировать нарушение, но и как дополнительный инструмент профилактики аварий.

КОМПАНИЮ АЛИИ НАЗАРБАЕВОЙ ПО УТИЛЬСБОРУ ОКОНЧАТЕЛЬНО ЛИКВИДИРУЮТ

Компания Greens Development, которая раньше называлась «Оператор РОП» и принадлежала младшей дочери первого президента Алие Назарбаевой, прекратит существование. Её присоединят к государственному «Жасыл даму». Единственный акционер одобрил реорганизацию 25 сентября, сообщает Ulysmedia.kz.

Формально Greens Development оставалась отдельным юрлицом с 2022 года, хотя функции давно перешли государству. Теперь компанию ликвидируют окончательно. Формальным учредителем компании числилась домработница Алии Назарбаевой Шнар Муктарова. Фактически компанией управляла сама Назарбаева, что позже подтвердили показания свидетелей в суде. По делу «Оператора РОП» суд установил хищение 26,8 млрд тенге. Руководство компании завышало стоимость утилизации транспортных средств и выводило деньги через аффилированные фирмы. Четверых фигурантов осудили. Суд также удовлетворил иск на 28,2 млрд тенге в пользу «Жасыл даму». Однако суд отказал в привлечении самой Назарбаевой к делу.

ТРИЛЛИОН НА БЕСПЛАТНЫЕ ЛЕКАРСТВА: КУДА УХОДЯТ ДЕНЬГИ?

Казахстан за последние семь лет направил около 1,3 триллиона тенге на бесплатные лекарства для граждан. Ежегодно препараты получали в среднем 3,3 миллиона пациентов, сообщает Ulysmedia.kz.

С 2019 по 2025 год финансирование выросло больше чем втрое, с 83 миллиардов до 272,9 миллиарда тенге. Число пациентов увеличилось с 2,5 до 3,4 миллиона. В 2026 году план закупок лекарств и медицинских изделий утвердили на 584,1 миллиарда тенге. Это на 9,6% больше, чем годом ранее. Минздрав снизил цены на 66 отечественных препаратов, что позволило сэкономить 10,3 миллиарда тенге. Параллельно ведомство расширяет прямые закупки у производителей, без посредников. В 2026 году по прямым контрактам закупают уже 404 наименования лекарств и медизделий. Годом ранее таких позиций было 182. Должны были бесплатно выдать пациентам, но попали в продажу. Нарушения выявила система цифровой маркировки. Более 60 медицинских организаций и аптек привлекли к административной ответственности, штрафы превысили 20 миллионов тенге...

ПРАЗДНОВАНИЕ ДНЯ УЧИТЕЛЯ В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

Этот день прошел с особым размахом, а ключевым событием стало масштабное чествование педагогов акиматом области. В общей сложности заслуженными наградами и премиями за вклад в образование были отмечены более 350 жетысуских учителей.

Орденом «Құрмет» награждена Гульжанар Еспанова, директор талдыкорганского специализированного лицея №24 имени Мухтара Арына. Также ряду педагогов региона были вручены медали «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» и ведомственные нагрудные знаки «Ы. Алтынсарин». Победители областных конкурсов (крупные денежные премии): «Лучший классный руководитель»: Молдир Тусипбекова (8-й класс, СШ им. А. Байтурсынова Алакольского района) — получила премию 500 тысяч тенге. «Лучшая сельская школа»: СШ им. Ш. Уалиханова Кербулакского района (директор Жанар Жумажанова) — удостоена награды в 1 миллион тенге. «Лучший детский сад»: ясли-сад «Алпамыс» Коксуского района (руководитель Айнур Жартыбаева) — выиграл 1 миллион тенге. «Жетісу ұстазы»: Аида Аргынбаева, учитель казахского языка и литературы школы-гимназии им. Абая Сарканского района — получила главный приз в 1 миллион тенге. Преемственность поколений: Особое внимание уделили педагогическим династиям региона. Одной из самых ярких стала династия Оразалиных, общий педагогический стаж которой у школьной доски составляет внушительные 192 года!

ПОЛИЦИЯ ЖЕТІСУ ИЗЪЯЛА ПОЛТОННЫ НАРКОТИКОВ ЗА ЧЕТЫРЕ МЕСЯЦА

Полицейские области Жетісу изъяли более 538 килограммов наркотических средств и растений, выявив 79 правонарушений в ходе операции "Қарасора", сообщает корреспондент tinfo.kz.

Оперативно-профилактическое мероприятие «Қарасора» проходило с 1 июня по 30 сентября. За это время выявлено 79 уголовных правонарушений, связанных с наркотиками. Среди изъятого — более 117 килограммов марихуаны, 6 килограммов синтетических наркотиков и свыше 6,5 килограммов гашиша. В частности, в Талдыкоргане полицейские изъяли 6 килограммов 550 граммов гашиша. Были пресечены два наркопреступления, связанные с особо крупными партиями. Как сообщили в полиции области, особое внимание уделяется выявлению крупных очагов дикорастущей конопли и незаконных посевов. Для обследования обширных территорий проводят воздушное патрулирование, после чего участки проверяют наземные подразделения.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 39 (1302) 09.10.2026 Алатау

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ҚЫЗМЕТ

Қазпошта - ұлттық байланыс пен цифрлық трансформацияның көпірі. Ол тек хат пен сәлемдеме тасушы ғана емес, ел экономикасы мен әлеуметтік өмірінде де маңызды рөл атқаратын ірі логистикалық және қаржылық институтқа айналды. Қазпоштаның басты міндеті - халыққа сапалы пошталық қызмет көрсету. Соңғы жылдары электронды сауданың жедел дамуына байланысты компания өз жұмысын айтарлықтай өзгертті. Қазпошта - тарихы терең, бірақ болашаққа сенімді қадам басқан компания. Ол ұлан-ғайыр қазақ даласындағы инфрақұрылымдық байланысты сақтап қана қоймай, цифрлық заманда жаңа технологияларды енгізу арқылы халыққа қызмет көрсету сапасын арттыруды жалғастыруда.

Қазан айының тоғызы «Дүниежүзілік пошта күні» екені мәлім. Осыған орай көкейде жүрген сұрақтарымызды «арқалап» Талдықорған қаласындағы «Қазпошта» АҚ Жетісу облысы бойынша филиалына бас сұққан едік. Бізге жауап берген осы мекеме директорының орынбасары Ержігітов Болатхан Топанбайұлы болды. Көпшілік назарына осы сұхбатымызды ұсынып отырмыз.



Ержігітов Болатхан Топанбайұлы, филиал директорының орынбасары

- Болатхан Топанбайұлы, бізге әлі түсініксіз: Сіздер басқарып отырған ұжым мемлекеттік пе, әлде көрсеткен қызметі ақылы бизнес саласы ма? Көпшіліктен сіздердің қызметтеріңіз туралы түсетін шағым көп десе болады…

- Сіздердің қойып отырған сұрақтарыңыз бізге түсініксіз. Біз басқарып отырған ұжым жекеменшік емес, «Қазпошта» акционерлік қоғам, 100 пайыз акциясы мемлекеттің меншігінде, «Самұрық қазына» АҚ-ы бізге құрылтайшы. 100 пайыз акция солардың қолында. Біз ештеңе өндірмейміз, біздің міндет - халыққа қызмет көрсету. Әрине, ақылы. Бізде үш қызмет түрі қарастырылған: пошталық қызметтер, қаржылық қызметтер және агенттік қызметтер.

Пошталық қызметтер, ол - біздің күнделікті хат-хабар тасу, сәлемдемелер жеткізу, оларды қабылдау. Сосын тездетілген курьерлік қызмет түрі бар, ол - сәлемдемелерді үйіне дейін жеткізіп беру қызметі, ол - екі. Үшіншіден, ірі көлемді жүк тасымалдаймыз, яғни 20 килограмнан жоғары салмақтағы пошталық сәлемдемелер. Хаттардың өзі регистрленген, регистрленбеген болып бөлінеді, ақылы жіберілетін және ақысыз жіберілетін хаттар. Ақысыз хаттар совет үкіметі кезіндегідей пошталық жәшіктерге салынатын хаттар.

- Сондай жәшіктер әлі бар ма? Қай жерлерде тұрады?

- Осы ғимараттың алдында тұр, сосын қай жерде біздің бөлімшелер бар, сол жерлерде осы пошта жәшігі қойылған. Сол жәшіктерге салынған хатты көрсетілген мекен-жайға тегін жеткізіп береміз.

- Қанша уақытта алынады?

- Күнделікті жинап алынады десе болады және арықарай жөнелтіледі.

Сонан кейін бізде екінші деңгейлі банк ретінде **қаржылық қызметтердің** барлық түрін көрсетеміз тек басқа банктен айырмашылық - бізде несие берілмейді. Қаржылық қызмет түрлері мынадай - тұтынушыға жеке есепшот ашу, оған түскен ақшаларын беру, есепшоттарын жүргізу, жеке және заңды тұлғалар қызмет түрлерін ала алады, есепшот ашып, оны жүргізе алады, депозитке ақша сала алады және біздің **агенттік қызметті** пайдалана алады. Агенттік қызмет деген, біз басқа банктермен келісіп, жеке немесе заңды тұлғалардың несиелік жұмыстарын жүргізіп бере аламыз, яғни олар біз арқылы рәсімдеп, басқа банктерден несие ала алады. Одан бөлек бізде бағалы қағаздар нарығы жұмыс істейді, яғни бағалы қағаздарды біз арқылы сатуға, сатып алуға болады.



Нұрғожа Жігер Мақсатұлы, байланыс операторы, тарату бөлімінің бас маманы

Біздің табыс көзіміз - осы ақылы қызмет. Үкімет тек тегін тасымалдау қызметі көлеміне ғана субсидия бөледі. Біз өзімізді өзіміз қаржыландырып отырғандықтан ақылы қызмет көрсетуге мәжбүрміз. Біздің шығындарымыз көп. Қаншама адам жұмыс жасайды, олардың жалақысы бар, ел сәлемдемелерін тиісті орындарға жеткізуіміз керек, зейнеткерлердің зейнетақысын таратып береміз, транспорттық шығындар, ол үшін жанар-жағар май керек. Қай жерде ауыл бар сол жерде біздің бөлімше бар. Ауылдағы бөлімшелерге отын-су керек, электр энергиясы үшін төлейді, қызметкердің жалақысы бар деген сияқты, оған да қаржы керек. Халыққа көрсеткен қызметіміздің біз табыс аламыз, соны өзіміздің қажеттілігімізге жаратамыз.

Жұмыс болғандықтан кемшіліксіз болмайды, шағым түсуі мүмкін нәрсе. Бірақ соншалықты көп дей алмаймын. Мекенжай дұрыс жазылмай қалады, т.с.с. келеңсіздіктер болса, соны тіркеп отыратын ситуациялық орталық бар, оны қарап отырамыз және кемшілікті дер кезінде түзетуге тырысамыз. Халық «Е – өтініш» арқылы бізбен байланыс жасайды, сол арқылы да шағымдарды қарастырып, қажетті жауаптарын беріп отырамыз.

- «Е- өтініш» болғанда, халықпен тікелей байланыс жоқ па? Көпшілік жағдайда сол «Е – өтінішке» арыздарын бере алмай жатады. Ашығын айтсақ, смартфон, компьютер дегендерді жасы үлкен кісілердің барлығы игере алмайды ғой.



Несіпберген Айым Айдынқызы, оператор ЦОУ және Баткулдинова Анар, Қабылдау бөлімінің операторы

- Ол енді біздің құзырымызда емес. Ал, поштаға келіп, арыз-шағымын қалдырса, біз қарап, тиісті жауабын береміз. Міндетті түрде жауап береміз.

Нұрғожа Жігер Мақсатұлы, байланыс операторы, тарату бөлімінің бас маманы

- Болатхан мырза, қызметтеріңіздің түрлерін айттыңыз. «Ауыл поштасындағы қызметкердің айлық жалақысы 10 000 (он мың) теңге» деген пікір қаншалықты шындыққа жанасады? Олай болмағанда, жалақы мөлшерін атай аласыз ба? Ауылдық және шалғай елді мекендерді пошта мен баспасөзге (газет-журналдарға) жазылумен қамту деңгейі қалай шешіліп жатыр? Хат тасушылардың (почтальон) материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық па?

- Біздегі қызмет түрі жоғарыда айтылғандай үшеу: соның ішінде хат тасу бар. Түсінбегендіктен шығарып жатады, тіпті он мың деген жалақы жоқ, одан жоғары. Бірақ ауылды жердегі пошташының жұмыс ауқымы үлкен емес. Бұрынғыдай көп хат, сәлемдеме келіп жатқан жоқ, бір-екі сағаттық жұмыс қана. Соған қарай жалақы төленеді. Шалғай ауылдарда тіпті бір сағаттық қана жұмыс болады, енді жалақы мөлшерін жария ете алмаймыз. Жұмыс ауқымы бір бірлік болса, ол – сегіз сағаттық жұмыс жасау керек.. Ал енді содан екі сағаттық жұмысқа шақса, он мыңнан көп шығады. Кейбір бір сағат қана жұмыс жасап отырған жерлерде де жалақы он мың теңгеден көп. Негізінде заң тұрғысында ең төменгі жалақыдан төмен төлеуге құқымыз жоқ, сол бір сағат болса бір сағаттық, екі сағат болса екі сағаттық жұмыс ақысын алады. Қанша алатынын жария ету біздің құзырымызға кірмейді.



Сату бөлімінің бастығы Дегдархан Айдана Тәуірбекқызы және маркетолог Смағұлова Айна Өмірханқызы



Сату бөлімінің мамандары

Ауылдық жер болсын, қалада болсын қазан айының бесінен бастап келесі жылғы баспасөзге жазылу басталады. Міне, 2027 жылға жазылу науқаны басталды, әр ауданға берілетін жоспар бар, сол бойынша аудан әкімдеріне хабарласып жатырмыз. Облыстық «Жетісу» газеті бар, «Алатау» газетіне де жоспар қойылған. Мысалы, Алакөл ауданына 400, Ақсу ауданына 180 жазылған, басқаларға да осындай жоспар береміз. Енді жазылу барысы біздің ғана айтуымызбен жүрмейді, оған әкім де, ұжым басшылары да қатысуы керек. Оқитын халық болу керек, ал оқитын халық жазылмаса, ол газетті қайдан оқиды? Сондықтан аудандық әкімшілікті біз міндеттейміз, бірақ олардың да қолынан келе бермейді. Жалпы халық болып жұмылуымыз керек қой. Өздеріңіз де жарнамалауыңыз керек. Сондай жұмыстар жүргізіліп жатыр, 100 пайыз болмаса да газет-журналдарға жазылу науқанын 80-90 пайыз орындайық деген талап қойып отырмыз.

Хат тасушылардың материалдық-техникалық базасы бар. Ауылды жерге берілмейді, бірақ қаладағыларға велосипед береміз, сөмкемен, формамен, аяқ киіммен қамтамасыз етеміз, сүт беріледі. Сол сияқты иттен, тағы басқалардан қорғауды қамтамасыз етеміз. Енді ауылдағы он-он бес хатты тасу үшін ондай материалдық база бөлінбейді, өйткені жетпейді. Қазақстан бойынша жұмыс өте ауқымды, адам көп, ауданда, қалада Қазпоштада қызмет ететін адам саны өте көп. Ауылға қарағанда қалада жұмыс он есе, жиырма есе ауқымды.

- Ауылдық болсын, қалалық болсын заманауи цифрлық технологиялармен және жаңа бағдарламалармен жабдықтау деңгейі қандай?

- Бізде облыс бойынша барлық пошта бөлімшелерінде банктік бағдарламамен автоматтандырылған, компьютерлері бар, жабдықтары бар, қағаз басып шығаратын, сканерлейтін жабдықтары бар. Байланыс жоқ таулы аймақтар болмаса, бар жерде интернет жұмыс істейді. Мысалы, Сарқанд ауданының кейбір жерінде мүмкін емес, тарелка қойсақ та тартпайды, тағы сол сияқты ауылдар бар. Жалпы бөлімшелердің 90 пайызы автоматтандырылған.

- Газетке жазылғандардың газетін үйге дейін жеткізіп беру үрдісі тоқтаған ба? Поштаны тұтынушы неге редакциядан немесе пошта бөлімшесінен алуға мәжбүр?

- Жоқ жеткізіп беру қызметі тоқтаған жоқ. Біздің міндетіміз жеткізіп беру, бірақ пошташы барған кезде үйде болмай қалады. Бұрынғыдай пошта жәшіктері жоқ. Ол енді КСК сияқты мекемелердің жұмысы.

- Әңгімеңізге рахмет! Алдағы мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Еңбектеріңіз жана берсін! Дегенмен, поштаның қызметінде көпшілікке түсініксіз сұрақтарымызды келесі сұбхатымыздың еншісіне қалдырайық. Халық ойынан шығатын қызметтеріңіз сәтті болсын!

Құралай Мұсанова
«Алатау»

ҚАЛАМГЕРЛІК ҒҰМЫР – ХАЛЫҚТЫҚ МҰРА

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ САЙЫН МҰРАТБЕКОВТЫҢ 90 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ЕЛІМІЗДІҢ ТҮПКІР-ТҮПКІРІНДЕ ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ШАРАЛАР МЕН ЕСТЕЛІК КЕШ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ЖАТЫР. БҰЛ ШАРАЛАР ҚАЛАМГЕРДІҢ БАЙ РУХАНИ МҰРАСЫН ҰЛЫҚТАП, ЖАС ҰРПАҚҚА НАСИХАТТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

ОСЫҒАН ОРАЙ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШБАЙҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ҚАЛАМГЕРЛІК ҒҰМЫР – ХАЛЫҚТЫҚ МҰРА» АТТЫ ӘДЕБИ КЕШ ӨТТІ, - ДЕП ХАБАРЛАДЫ МУЗЕЙ РЕДАКТОРЫ ҚАЛҚАМАН АБДРАХМАНҰЛЫ.



Әлімбаева Айгүл, аға ғылыми қызметкер

ӘСЕРЛІ ӨТКЕН КЕЗДЕСУ

Әлімбаева Айгүл Төлегенқызы, аға ғылыми қызметкер:

- Тағылымды шараға жазушының туыстары, ақын-жазушылар, мәдениет саласының қызметкерлері, ұстаздар мен мектеп оқушылары қатысты. Әдеби кеш барысында қаламгердің інісі Ғалым Мұратбеков пен қарындасы Майра Мұратбекова сұхбат беріп, Сайын Мұратбековтің өмірі мен шығармашылығына қатысты естеліктерімен бөлісті. Олар бала күндеріндегі қызықты кездерін айтты. Әсіресе, туыстары айтқан ағасының оқыған кезіндегі әңгімесі қызық.

«Ауылға демалысқа келгенде қораның артында біреу айтысып отыр екен дейді. Сайын барып қараса, бір үлкен кісі көдімгі сиырмен айтысып отыр екен, өзі ішіп алған. Оны Сайын үйіне жеткізіп салады да, кейін осы оқиғаны фельетон етіп жазады. Онысы газетке басылады. Сөйтсе ол ауылдың бригадири екен. Сол үшін бригадирді жұмыстан шығарып жіберіпті».



Кешті ұйымдастырған Нұрданәліұлы Әлфараб

Каникулға келген ағасының тағы сондай қызықты оқиғасы.

«Ауылдың басшысының әйелі қызмет машинасын магазинге, қонаққа барғанға мініп алады екен. Соны да фельетон ретінде жазып жіберіп, басшыны орнынан алып тастады» деп, талай қызықты нәрселерді айтты. Қарындасы Сайын Мұратбековтың қандай қамқор аға болғандығын еске алды. Өзінің сабақтарын сұрап, қадағалап отырыпты. Кейін Алматыға алып кетіп, оқуға түскеніне көмектескен. Біреулермен сөйлесіп емес, сабағын сұрап, киімін алып беріп, тамақтандырып деген сияқты көмек көрсеткен. Сол кісінің арқасында оқып, жетілгендігін еске алды. Сайын Мұратбековтың «Қарындасым» деген шығармасы бар, «соның прототипі осы қарындасы ма екен?» деген сұрақ тұрды көкейімде. Қарындасының әңгімесі мен кітаптағы қарындасын суреттегені сәйкес келіп тұр да. Әрбір кітаптарының қай-қайсысын алсаңыз да ауыл туралы жазылған екен. Оқушылар да Сайынның шығармалары өздеріне жақын екендігін атап өтті.



Кеш модератор, жүргізушісі «Жетісу» газетінің редакторы Жұматай Оспанов (ортада) және қаламгердің қарындасы мен інісі

Ал інісі болса сол кезде ауылға депортацияланып келген басқа ұлт өкілдері балаларының жоқшылықтан, қарны ашқандықтан сиырдың емшегін емгендігін әңгімелеп берді. Қарап отырсаң, қазіргі заманның адамы ертегі тыңдап отырғандай болады, тіпті шошиды. Сол кезде олар сондай жағдайда өмір сүргендігімен бөлісті.

Әдеби кешті жүргізген «Жетісу» облыстық газетінің редакторы Жұматай Оспанов кездесуге келген балалармен де, келген қонақтармен де кері байланыс жасап, өте қызықты өткізді. Сонан соң көңілден шыққан Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейінің қызметкері Шакир Бағдаулет пен Талдықорған қаласындағы Сайын Мұратбеков атындағы №9 орта мектептің оқушысы Серікболат Әмина жазушының әйгілі «Жусан иісі» шығармасынан үзінділер оқығаны болды. Өте әсерлі оқығандары сондай, мен өзім жыладым. Кітапты өзім оқып отырғандай әсер алдым. Үйге барғаннан кейін қайтадан сол кітапты ашып, оқыдым. Олар үзінді ғана аудиокітап сияқты оқып берді ғой, соның өзінде өте әсерлі болды, сол жерде талай адам көздеріне жас алды.

№9 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Егізбаева Анар Сайын Мұратбековке арналған өлеңін оқыса, Дәнеш Рақышев атындағы филармония әншісі, мәдениет саласының үздігі Гүлбану Лахаева «Сайын аға» әнін керемет әсерлі орындады.

Музейдің аға ғылыми қызметкері, көрмемен таныстырушы Ақбота Ерболсынқызы:

- Сайын Мұратбековке арналған іс-шара барысында көрмемен таныстырған болатынмын. Әдеби кеш барысында Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу облыстық филлиалының өкілі Жангелді Немеребай жүрекжарды жылы лебізін білдіріп, сөз алып, әдебиеттен сыр шерте отырып Сайын Мұратбеков шығармаларына тоқталды. Арнау өлең оқыды.

«Көрменің бастапқы бөлігінде Сайын Мұратбековтың балалық шағына шолу жасалды. Негізі, Сайын деген есім сол заманда халыққа таныс емес екен. Бұл есімді оған атасы Мұратбек қария беріпті. Сұрапыл соғыс жылдарының ызғары басталмай тұрып ауыл адамдары



Музей аға ғылыми қызметкері, таныстырушы Ақбота Ерболсынқызы

кеш батса, Мұратбек қарияның үйіне жиналып, балаларына жырдастан оқытып, тыңдайтын болған екен. Сол кезде Сайынның атасы «Ер Сайын» жырын тыңдапты. Онда құдайдан ұл сұраған қария туралы айтылады, Алла тілегін қабыл етіп, 100 балаға татитындай ұл беріпті. Соған еліктеп, Мұратбек қария немересінің атын Сайын қойыпты. Көрмеге отбасылық суреттер ішінде бала Сайын ата-әжесімен және қарындасымен, анасымен түскен суреттер қойылды. Оның туған анасы алты жасында өмірден озған екен, кейін әкесі майданға аттанған. Соғыстан денсаулығы болмай қайтқаннан кейін Сақыпжамал деген әйелге үйленген екен. Сол анадан туылған балалармен қарындасы екеуі бірге өсіпті. Бұл жерде анасының қолтаңбасы бар жәдігерлер қойылған, төсек жапқышы мен сүлгісі.



Музей ұжымы қонақтармен бірге

Көрменің Сайын Мұратбековтың жастық шағына арналған бөлігінде Алматыға оқуға түскен кездегі жәдігерлер қойылған, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқып жүрген кезінде қазақ әдебиетінің болашақ заңғар тұлғаларымен танысады. Өзінің өмірлік достары Әкім Таразимен, Қалихан Ысқақовпен, Әбіш Кекілбаевпен түскен суреттері, құжат-жәдігерлері қойылған.

Содан кейінгі бөлім Сайын Мұратбековтың отбасына арналған. Мариям мен Сайынның үш ұрпағы болған. Ұлдары Әлім, үлкен қыздары Райкүл, кіші қызы Құралай. Кейін әйелі «Басында Үшқараңың» атты жинақ шығарған. Жұбайымен, отбасымен түскен суреттер қойылған. Киген киімдері, ұстаған заттары да осында. Соңғы бөлім шығармашылығына арналған. Қапал ауылында колхозшы болып еңбек жолын бастағаннан қазақтың небір ғұламаларымен қызметтес болғандағы жәдігерлер осында.

Реті келгенде айта кетейік, оқырман қауымға қаламгердің шығармашылық мұрасын кеңінен таныстыру мақсатында ұйымдастырылған көрме 12 қазанға дейін көпшілік назарына ұсынылады.

Кешті ұйымдастырушы Нұрданәліұлы Әлфараб:

- Кешті жазушының 90 жылдық мерейтойы қарсаңына М. Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерішісі Бекенқызы Айгеріммен бірге ұйымдастырғанбыз. Қаламгердің туыстарын музейде редактор болып қызмет жасайтын Қалқаман Абдрахманұлы арқылы таптым. Іс-шараны ұйымдастыру барысында жазушының шығармашылығына арналған көрме құру барысында аздаған қиындықтар болды. «Жетісу» облыстық газетінің редакторы кеш барысын өзі қолға алды. Кештің жақсы өткеніне, қатысушылардың ғибрат алып, риза болғанына өте қуаныштымыз.



Музей редакторы Қалқаман Абдрахманұлы

Автордан: Сіздердің әсерлі кеш туралы әңгімеден біз де бірталай мағлұмат алдық, сіздерге де көп рахмет! Енді біз сол алған әсерлерімізді оқырманға жеткізіп отырмыз!

«Сайын Мұратбековтің әдеби мұрасы – уақыт өткен сайын қадірі арта түсетін, ұлт руханиятының алтын қорындағы құнды қазына. Қаламгердің сырлы шығармалары арқылы адамдықтың асыл қасиеттері мен туған жерге деген сүйіспеншілік ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек» деп баяндауымызды **Қалқаман Абдрахманұлының** сөзімен аяқтасақ.

Құралай Нарынбай
Талдықорған қаласы

Дүйсенбі - Понедельник, 12 қазан

ХАБАР

05.00,13.30 «Рауза»
06.00 Концерт
08.00 «Оян!»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
11.00 мультфильм
12.20 мультсериал
13.00 «Цифровой код»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.15 Кино
17.40 Спецпроект Президент
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Музарт-25 жыл»
23.30 «Көзқарас»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.00 Телесериал «Игра в судьбу»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Счастья хватит всем»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.15 «Көреміз шоу»
20.00, 01.25«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Волчий берег»
01.55 Сериал «Сальса»
04.15 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Ғазизхан Шекербековтың ән кеші»
09.10 Сериал «Пламя жизни»
11.25 «Брат или брак»
13.45 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
00.20 Сериал «Агенты справедливости»
02.30 Сериал «Певица»
04.20 Сериал «Сүйгенің қайда»
05.10 «Закира»
05.50 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
09.30 «Бір кітап»
10.00 «Угәгәй melody»
10.50 «Әсем әуен»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Тарлан»
11.35 «Әсем әуен»
12.00 «Тілашар»
13.00 «Единый народ»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.30 «Таза мекен»
15.00 Жаңалықтар / тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «ДАRA LINE»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Шыңырау»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тиын мен түйін»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Аялдама»
22.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Шаншар»
08.30 Мультсериал «Губка Боб»
09.20 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
09.30«Мой домашний крокодил»
12.00 худ. фильм «Индиана Джонс и королевство хрустального черепа»
15.00 худ. фильм «Джон Уик-2»
18.00 худ. фильм «13-й район кирпичный особняк»
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 худ. фильм «Глубоководный горизонт»
23.10 «Миссия невыполнима»
01.40 «Два незнакомца»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.00 «Күліп ал» ойын-сауық
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.30 «Дем соңғы үміт»
05.30 «Ата-ана,балашаға»
06.40,08.10,20.00 Телехикая «Запретная любовь»
08.00 Новости утро
09.00,
16.00,18.30,01.20Телесериал
10.20 «Әкеге апарар жол»
12.30,15.40 Мультфильм «Ну погоди»
13.00,19.30 Новости прямой эфир
13.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.30 «Мың рет сүйдім»
02.40 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
03.30Тазалық уақыты

Сейсенбі - Вторник, 13 қазан

ХАБАР

05.00,13.30 «Рауза»
06.00 Концерт
08.00 «Оян!»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайқ»
13.00 «Өзекті»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.15,20.00 «Келінжан»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Музарт-25 жыл»
23.30 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Телесериал «Игра в судьбу»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Счастья хватит всем»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.15 «Көреміз шоу»
20.00, 01.25«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Волчий берег»
01.55 Сериал «Сальса»
04.15 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Ғазизхан Шекербековтың ән кеші»
07.35 «Әнім сен едің»
08.10 Вечерние новости
09.10 Сериал «Пламя жизни»
11.30 «Агенты справедливости»
14.00 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
00.20 Сериал «Агенты справедливости»
02.30 Сериал «Певица»
04.20 Сериал «Сүйгенің қайда»
05.10 «Закира»
05.50 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Тиын мен түйін»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Аман болайық»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Шыңырау»
14.30 «Сергек»
14.40 «Әсем әуен
15.00 Жаңалықтар / тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Аялдама»
17.00 «Білім мен білік»
18.00 «19 регион»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Тазы.Сокровище нации»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Агро аймақ»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Менің кумирім»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00,20.00 информбюро (рус., каз.)
08.00,05.00 «Күліп ал» ойын-сауық
08.20 «Ойнама»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.15 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
09.40«Миссия невыполнима»
12.20 худ. фильм «13-й район кирпичный особняк»
14.30 худ. фильм «Марсианин»
18.00 худ. фильм «Мышинная охота»
21.00 худ. фильм «В ловушке времени»
23.40 «Миссия невыполнима-2»
02.10 «А если бы..»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

04.30 «Дем соңғы үміт»
05.30 «Ата-ана,балашаға»
06.40,08.10,20.00 Телехикая «Запретная любовь»
08.00 Новости утро
09.00,
16.00,18.30,01.20Телесериал
10.20 «Дубай любой ценой»
12.30,15.40 Мультфильм «Ну погоди»
13.00,19.30 Новости прямой эфир
13.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.30 «Мың рет сүйдім»
02.30 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
03.30Тазалық уақыты

Сәрсенбі - Среда, 14 қазан

ХАБАР

05.00,13.30 «Рауза»
06.00 Концерт
08.00 «Оян!»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайқ»
13.00 «Балам үшін»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.15,20.00 «Келінжан»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Музарт-25 жыл»
23.30 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Телесериал «Игра в судьбу»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Подение ордена»
06.50 «Позднее раскаяние»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.05 «Давай пженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.15 «Көреміз шоу»
20.00, 01.25«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Волчий берег»
01.55 Сериал «Сальса»
04.15 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің»
08.10 Вечерние новости
09.10 Сериал «Пламя жизни»
11.30 «Агенты справедливости»
14.00 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Топтун»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
00.20 Сериал «Агенты справедливости»
02.30 Сериал «Топтун»
04.20 Сериал «Сүйгенің қайда»
05.10 «Закира»
05.50 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Агро аймақ»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Тазы.Сокровище нации»
15.00 Жаңалықтар / тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Менің кумирім»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Упавшие в пропасть»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Біздің бренд»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Аналар күні»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,04.20 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.40 «Ризамын» ойын-сауық
07.00,20.00 информбюро (рус., каз.)
08.00,05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
08.20 «Ойнама»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.15 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
09.40«Миссия невыполнима-2»
12.40 худ. фильм «В ловушка времени»
15.30 худ. фильм «Джуманджи»
18.00 худ. фильм «Ордер на смерть»
21.00 худ. фильм «Последний рубеж»
23.10 «Глубоководный горизонт»
01.30 «Истинная связь»
04.00«What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

04.30 «Дем соңғы үміт»
05.30 «Ата-ана,балашаға»
06.40,08.10,20.00 Телехикая «Запретная любовь»
08.00 Новости утро
09.00,
16.00,18.30,01.10Телесериал
10.20 «Дубай любой ценой»
12.30,15.40 Мультфильм «Ну погоди»
13.00,19.30 Новости прямой эфир
13.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.10 «Мың рет сүйдім»
02.10 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
02.50 Қызықты weekend
03.30Тазалық уақыты

ҒАСЫРДЫҢ ДАНА ҚЫЗЫ

Сембек СОЛТАНҰЛЫ
«Алатау»

Ел дәулетін еселей түсу мақсатымен ауыл шаруашылығы саласының сан салалы қым-қуат тіршілігін түлеткен алыптардың қатарында өзіндік өнегесімен өрнекті өмір сүрген Зылиха Тамшыбаева апамыздың тәлімі бүгінгі ұрпаққа әрдайым өнеге. Ол іскер ұйымдас-тырушы, қамқор басшы, асыл жар, ардақты ана бола білді. Айналасына нұр шуағын төкті. Қазақ қызының қайсарлығын, қазақ әйелінің зиялылығы мен бекзаттығын көрсете білген аяулы ана ретінде төрт перзент өсіріп, немерелерінің қызығын көрді.



Ол қаршадай қыз кезінен қайнаған еңбекке білек сыбана араласып, қатардағы сауыншыдан іргелі кеңшардың басшысы дәрежесіне дейін көтерілген ауыл шаруашылығының ересен білгірі, “Дала академигі” атанған Нұрмолда Алдабергеновтің өнегелі шәкірттерінің бірі еді. Анасынан жастай жетім қалған Зылиха Жанболатқызы өмірдің барлық өткелдерінен сүрінбей өтті. Бұрынғы Гвардия ауданындағы Ш.Уәлиханов атындағы ұжымшарда 1954 жылы оқу үйінің меңгерушісі, 1955-1963 жылдары тауарлы сүт фермасының меңгерушісі, 1970-1971 жылдары “Еңбекші” кеңшары партия ұйымының хатшысы, одан кейін осы шаруашылықтың директоры қызметін абыроймен атқарды. Ол өзі қалыптастырып, жан-жақты дамытқан шаруашылығында өмірінің соңына дейін, қырық жылға таяу уақыт жемісті жұмыс істеп, қазақ қызына тән алғырлығы мен алымдылығын таныта білді. Көптеген кадрлардың өсіп қанаттануына елеулі ықпал етті. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық, мәдени тұрғыдан алға басуына айтарлықтай қомақты үлесін қосты. Адамдармен қоян-қолтық араласа, тіл табыса жұмыс істеудегі үлгісін ауылдастары әрдайым мақтанышпен айтып жүретін еді. Жылдар өте келе Зылиха Жанболатқызы шаруашылыққа қарасты әрбір отбасының мұң-мұқтажын, қиындығы мен қуанышын күнбе-күн біліп, қол ұшын беріп отыратын тұлғаға айналды. Жеке отбасының қуанышына қатысып, көмек беру осы қазақ қызының ауылға алып келген тың жаңалықтарының бірі болды. Қазақы дәстүрлерді берік ұстап, ауыл, көше тойларын өткізуді ұйымдастырды. Ең бастысы, Зықан үлкен ақсақалдардың ақылын тыңдап, батасын алып, жалпы халықтың ой-пікірімен санасып отырды. Қаншама игілікті іс-шаралар шаруашылық басшысының қолдауымен өткізілгенін бүгін көнекөз қариялар жыр қылып айтады.

Өзінің атқарған еңбегінен ләззат алған Зылыха Жанболатқызының жан-сезімінің тереңдігі, адамгершілігі, өткен тарихқа деген тағзымы өте ерекше болды. Сол кеңес дәуірі жылдары-ақ Жетісудің үш әулие бабалары Ескелді, Балпық және Қабан жырау кесенесіне барып, тәу етіп, құран бағыштап отырған.

Биыл қазан айында тірі болса хан қызындай Жетісудың Зылихасы 90 жасқа толатын еді. Көңілі көгілдір көктемдей, жаны жадыраған жаздай, өмірі өнегелі, еңбегі берекелі болып, ел тарихында есімі мәңгі жазылып қалған Зылиха Жанболатқызының асыл бейнесі – халықтың жүрегінде, жадында.

Жетісу өңірінің ғана емес, бүкіл қазақ елінің мақтанышына айналған Зылиха Тамшыбаеваның өмірден көшкеніне де 15 жылдың жүзі болды. «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» деген рас екен. Күн өткен сайын есімі аңызға айналған Зылиха Жанболатқызының бейнесі бізден алыстап биікке көтеріліп, халқына сіңірген еңбегі ел тарихының парақтарында алтын әріптермен жазылып қалды.



Зылиха Жанболатқызын елі-жұрты сағына еске алып,әр түрлі салада іс-шаралар аталып өту бұл өңірде дәстүрге айналған. Ең алдымен мектеп ұжымы бастап Зылиха Жанболатқызы атында айлық өткізген (ашық сабақ, шығарма жазу,тәрбие сағаттары, спорттық турнирлер) директоры Гүльмира Айтбайқызы Садырбаева.

02.10.2026жылы Зылиха Тамшыбай ауылында үлкен мереке.Зылиха Тамшыбайдың 90 жылдығына арналған «Еңбекпен өрілген гүл ғұмыр» атты «Ғылыми – мерейтойлық конференция» өтті. Конференцияны ұйымдастырып өткізуші - «Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Конференцияға Жетісу облысының әкімі Б.Ө.Исабаев, Қазақстан Республикасы ғылым академиясының президенті, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик – Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаев, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылымының бұрынғы депутаты - Құдайберген Бексұлтанұлы Бексұлтанов, абыз ақсақал,қоғам қайраткері – Қылышбаев Наурыз Қылышбайұлы, Астана қаласынан Серік Абдрахманов,Төкен Егінбаев т.б.көптеген кәсіпкерлер, ауыл шаруашылығының майталмандары келді. Жергілікті мәдениет үйінің залы лық толды, бос орын болмады. Конференцияны жүргізуші Қуаныш Сұлтанұлы Сүлейменов президиумда орналасқан Б.Исабаев, А.Күрішбаев, Қ.Бексұлтанов, Н.Қылышбаев, Д.Әубакірқызы Жазылбековаларға кезегімен сөз берді.

Бірінші болып трибунада сөз сөйлеген облыс әкімі Б.Ө.Исабаев Зылиха Жанболатқызы туралы жан-жақты қамтылған баяндамасын оқыды. Сөз кезегін алған академик А.Күрішбаев та марқұм Зылиха Жанболатқызының өміржолындағы тынымсыз еңбегіне баға берді. Бүгінгі күні жақсы тұқым алу үшін, ғылымға жүгіну керектігін баса айтты. Көптеген шетелдік ғалымдарының ауылшаруашылығындағы жетістіктерінен мысалдар келтірді. Жасанды интеллектіні пайдалана отырып жақсы өнім беретін тұқым алуға болады дей келе, Зылиха Жанболатқызының артында қалып еске алып,рухын дәріптеп жатқан ел-жұртқа ризашылық білдірді.Келесі сөз иесі Наурыз Қылышбайұлы тереңнен толғап, Злиха апаймен қатар жүріп,ол кісінің ауылшаруашылығының сан-салалы іс-тәсілдерін меңгеріп қана қоймай үлкен адамгершілік пен парасаттылық иесі екендігін айтып, ғасырдың дана қызы еді деп сөзін түйіндеді.



Келесі сөз иесі жерлесі әрі ауылда өтетін әрбір шарада қатар жүрген сіңлісіндей болып кеткен ардагер ұстаз Жазылбекова Дәмеш Әубәкірқызы елмен тартымды естеліктерімен бөлісті .

- Ол кісі өзі туралы көрген қиыншылықтарын жасырмай айтып отыратын еді**. «Анам Бибіш мені көтергенде құстың етіне жерік болған екен, сен құс сияқты биіктерге самғарсың»,** деген сөзді айтып отыратын деп анасын еске алып отырушы еді. Өзі айтқандай өмір жолын еңбекпен бастап, халқына танымал Еңбек ері атанып биіктен көрінді ғой.

Шаруашылығы төмендеген «Амангелді» ауылына басшылыққа келіп еңбекке араласты. Ол кісінің бір қасиеті еңбек адамдарын қатты құрметтейтін. Солармен ақылдасып отыратын. Ауыл адамдарына тегін үй берілді. Отын, шөп, сумен,көмірмен қамтамасыз етті. Мереке сайын сыйлықтар тарататын. Күз айларында жиын-терін біткен кезде «Ауыл мерекесін» өткізіп, халықтың көңілін көтеріп, өзі бірге жүретін. Ол кісі келе жатқанда халық тік тұрып жол беріп құрметтейтін, сыйлайтын бетіне тік қарауға дәтіміз жетпейтін.

Рухы биік, қасиетті адам еді ғой. Әр отбасының жағдайын жасап көмегін аямайтын. Оқу-білімге көп көңіл бөліп, мектепте өтетін іс-шараларда, жиналыстан қалмаушы еді. Тұрмысы төмен отбасылардың балаларын оқуға тусуге барғанда, жол қаражат бөліп, оқуын-білімін қадағалап отыратын. Көп жастар білікті маман ретінде қазіргі күні еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Тоқырау жылдарында қаражаттан қиналған адамдарға, алдына барса өзінің зейнетақысынан да беруші еді. Еңбек ақысын уақытында ала алмағандарға, Павлодар қаласынан киім-кешек, тұрмысқа қажетті заттар алғызып тарататын.

Ауылымыздың тазалығына, көшелеріміздің көркіне көңіл бөліп өзі тексеріп отыратын. Ауылымызға «Мәдениет үйі» салынып, ашылуына «Отырар сазы» ансамблін алып келген Нұрғиса Тілендиев атамыз, лентасын қиып батасын берген. Д. Қонаев атамыз, Н. Назарбаев атамыз, З. Нұрқаділовтар ауылымызға келіп еңбек адамдарымен кездесулер өткізді. Бұл құрметтің бәрі Зылиха апамыздың атағы, сол кісінің беделі болатын. Шетелдерге іс-сапармен барса да, сол елдің тәртібі, мәдениеті, тұрмыс тіршілігі туралы көп айтушы еді.

Зылиха Жанболатқызы еңбекқор, мейірімді, қарапайым, көпшіл, қоғам қайраткері, халқының бағы үшін туған адам.

«Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге бола ма айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»,- демекші, өзі кетсе де, артында атқарған ісі өнегесі, өсіп-өнген ұрпағы қалды. Құрметтейтін халқы бар, есімі ел есінде қалды. Ауылымыздың аты, мектептің аты, қалада көшенің аты халықтың қалауымен апамыздың атымен аталды. Әлі есімде 1974 жылы осы ауылда жаңа мектеп ашылып, Алматыдан жас маман болып келген мені апамыз құттықтап қарсы алып еді. Отыз сегіз жылдан кейін өз қолымен шапан жауып, зейнеткерлікке шығарып салған. Бүгін көпшіліктің қалауымен мен 90-жылдығына естелік айтып тұрмын. Бұл мен үшін үлкен бақыт.

Құрметті зиялы қауым! Зылиха Жанболатқызының 90 жылдық мерейтойын өткізуге көп көмегін тигізген облыс, аудан әкімшілігінің азаматтарына ауылымыздың атынан алғыс айтамыз.Сөзімнің соңында тағы да апамызды еске алып, бір ауыз сөз қосқым кеп тұр.

«Жан аямай еңбек еттің өмірде,

Жарық жұлдыз Шолпан болып төрімде.

Жай отындай жарық еттің де ғайып боп,

Атың қалды мәңгі өшпейтін көңілде»,- деп сөзін түйіндеді.

Осындай әсерлі еске алулардан кейін әркімнің де сөйлегісі келгені байқалды. Кезінде мемлекеттік қызметте болған апаймен бірге жүріп көп шаруаларды атқарған кәсіпкер Бағдат Сайланбайұлы Манзоров сөз сұрап мінбеге шығып,бірталай естеліктерді ортаға салды. Конференция соңында Жетісу облысы филармониясының өнерпаздарының концертін тамашаладық. Сыртқа шығып адамдар бірден тарап кетпеді. Қасыма келген ауылдың ақсақалы Мырзакелдіден:

- **Қазіргі ауылдың жағдайы қалай, сол туралы айтсаңыз?- деп сұрадым**

- *Жалпы ауылымызға бар жағдайды Зылиха Жанболатқызы жасап,ауылды қала типне келтіріп беріп кетті ғой. Дегенмен де Зылиха апайды ел-жұрт сағынуда. «Апай бар болса олай болар еді,былай жасар еді»,- деген ел ішінде ол кісінің жақсылығын көріп бүгінде соны аңсаған адамдар бас қосқан орындарда айтып тұрады.Шынында да ол кісінің орны бөлек,ерекше еді. Бүгінгі конференцияда сөйлеген азаматтарға халық әбден риза болды.Қазір де жағдайымыз жаман емес ауылдың кіреберіс көшесіне қатарынан өте сапалы етіп 15 үй тұрғызылды. Бүгін өздеріңіз куә болдыңыздар 5 үйдің кілті тапсырылды. Апай салып кеткен ізбен жүріп жатырмыз.*

- **Мырзеке, апайдың артында қалған сіздер сияқты азаматтар тұрғанда ол кісінің рухы асқақтай бермек.Әңгімеңізге рахмет!**

Соңынан Зылиха апамыздың рухына бағышталған ас берілді. Бүгінгі іс-шараға риза болған қонақтар ыстық ықыласпен тарасты.

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 39 (1302) 09.10.2026 Алатау

НҰРМОЛДАНЫҢ

Жеті жасымда мектеп табалдырығын аттауым мұң екен (1957ж), әкем құшақ-құшақ газет пен бірен-саран журналды әкеп, аласа үстелдің үстіне тастай салады да: «Ал, оқы, мектепке бардың ғой!» - дейді. Сөйтіп намысымды жаныр, үтір-нүктесіне қарамай зуылдататын боп шыға келдім. Біздің ауылда «әліппемен қоштасу» әркімнің өз еркінде еді. Республикалық газет беттерінен «Американы басып озамыз» деген саяси ұрандар мен одақтық, республикалық компартиялардың саяси бюро мүшелері түспейді және соғыстан кейінгі қарқындап өсіп келе жатқан шаруашылықтар, ерен еңбек иелері туралы мақалалар кетпейді. Солардың ішіндегі біздің ауылдан сонша алыс болмаса да, қиялымыздан алыс, сенер-сенбес болатын бір ауыл бар.



МЕНІҢ ЕРТЕГІМ

Ол – Талдықорған ауданындағы Сталин атындағы колхоз. Олардың тау-тау қызылшаларының суреті, сауылып жатқан сиырларының суреті, қырқылып жатқан қойлары, еңбекшілері, оны басқарып жүрген басшы Нұрмолда Алдабергенов суреттері қайта-қайта шығады. Шұбар, Жаңалық деп аталатын ауылдарда біздің жақтан ертерек көшіп кеткен туысқандарымыз Ақық Нұрманбетов, Темірғалы Орманбетовтың отбасылары тұратын. Әке-шешеміз, ауылымыздың үлкендері сол кісілердің тұрмыс-тіршіліктерін жыр ғып айтады.

Темірғалы ағамыз Байқал деген ұлына той жасап, біраз адам колхоздың ашық машинасын сұрап алып, елу-алпыс шақырым жерге оранып-шымқанып барды. «Қазір келеді, келе жатыр» деп, бір кісіні күткен еді, жарқ-жұрқ етіп сарғыш плащ киген ағай келіп төрге озды. Жұрттың бәрі сол кісінің аузына қарады, әулие тұтты. Әкемнің алдында отырып, не естігенім есімде жоқ, таңданып қарай берем. Ол елағасы Нұрмолда еді. Көп отырмай кетіп қалды. Міне, менің тірі ертегім алты жасымда осыдан басталған еді. Одан әрі саңқылдаған радиодан, күнделікті баспасөзден жиі естіп, оқып отырдым.

«Мәдениет және тұрмыс» журналының ең алғашқы номері де осы ауылдың адамдары, көшелері туралы болды. Қанша үйде мотоцикл, машина бар деген мәліметтер шығады.

Бұдан әрі мен де өсіп келемін, мәліметтер де көбеюде. Әкем екеуміз осындай ауылдарға, байып жатқан елге, басшыларға таң боламыз. «Аздап қосатын шығар» дейміз, әйтпесе нағыз ертегінің өзі. Әлгі Ақық Нұрмамбетов атамыз да, Нұрмолда Алдабергенов те, колхозшылардың біразы да «Социалистік Еңбек Ері» атанып жатты.

Нұрмолда Алдабергенов мемлекеттік делегация құрамында СССР Компартиясының Бас Хатшысы Н. С. Хрущевпен бірге Индияны аралап, Джавахарлал Нерумен бірге жүргенін де күнделікті газеттерден оқып, суреттерін көріп жатырмыз. Біз басқадан гөрі Индиямен «таныс» едік. Ауылға үнді фильмдері келіп, тайлы-таяғы қалмай барған жұрт жылап-еңіреп көруші еді. Сонда бір отбасында екі қабат үйлер болатын, әйелдері асыл тасты киімдерді кимек түгілі, орап алатынын көріп, «қайдан алады, қалай тұрады екен?» десетін.

Екі мәрте «Социалистік Еңбек Ері» атағын алған Нұрмолда атамыз барған жерінен көкірегіне көп



жоспар, өнеге түйіп қайтады ғой. Үйіне келмейтін жазушы, ғалым, қайраткер жоқ. «Көргені жақсы көш бастаған» дала академигі өзіне арнап қос қабатты шағын ғана үй салады.

ҚҰЛАУ МЕН ТҰРУ

Бәсе, бәсе, 37-жылдың домалақ арызшылары бір жаққа кетсін бе, сол үйді сол данаға көпсінеді ғой... Газет айтады: бір күні орнынан кетті, үйін мемлекетке өткізді, су суғарып жүр дейді. Мұрап қой... Атамыз енді таңғы төрттен ауыл араламай, егіс аралап қызылша суғарады екен... Қорланбапты .

Еркін ауылында тұратын туысымыз Ақаш Сегізбаев біздің үйге бір келгенінде , «Нұрмолда Алдабергенов біздің сельсоветке төраға болып келді, біздің үйден түстенетін болды» - деді. Сталиндік режимді көріп қалған біздің үлкендер: «е, құдай-ай, шүкір, шүкір» десті. Бұл кезде Нұрмолда көтерген колхоз «XXII партсъезд» деп аталады.

Адам тағдырын, еңбегін, қасиетін ойыншық ету біздің елге таңсық емес және Алла қолдаса, кез келген қиындық өте шығатыны да рас. «Мен өйтіп едім, бүйтіп едім» деп арызданбаса да, құдайдан қорыққан басшылардың біразы жаңаша «құтқару операциясын» құрып: «Ал, мықты болсаң көрсет, ана Мұқыры ауылы артта қалды, соны жөнде!» - деп, күніне бес-алты сағат қана ұйықтап, аңыз қалашығын тұрғызып, батырлардан рекордтар жасап, денсаулығын, жүрегін жартылаған адамды қайта сынаққа салады ғой.

Басын изеп тағы кетеді. Талдықорғаннан Алматыға бет-тегенде алдымыздан шығатын ірілі-ұсақты үйлері бар, есік алды тау-тау қи-тезек, талдан тоқылған шарбақ, көшеге қарап мөңіреген, кісінеген мал еді Мұқыры. Осындай ауылға келе Нұрекең өз оқуы аз болса да, мықты мамандарды ұйымдастыру қабілетін пайдаланып, өндірісін де, құрылысын да, оқу-білімін де қолға алады. Енді мұны теледидардан көре бастадық. Мұқыры ауылы К.Маркс колхозы болып түлеп шыға келді.

Тың игерушілерді мақтайды, әрине. Теп-тегіс тақыр далаға жаңа сызбамен үйлер салу, егін егу, мемлекеттің ағып жатқан ақшасын пайдалану мен ескі-құсқыны бұзып, біреуі қуанғанмен, біреуі келіспей, қора-жайын бұздырмай тырысып жатқан, өзі тұралап жатқан ауылды жалғыз өзіңе «Не істесең оны істе, сен мықты едің ғой!..» -деп сынай қарап тұрған жерден жаңа мекен тұрғызған қандай?!

Марқұм әулие атам сол сынақтан да сүрінбей өтті ғой! Жұрт: «Әй, керемет, керемет! Мына кісі үшінші мәрте Ер атануы еш күдіксіз...» – десті.

Әттең, әттең! Әуелі Алланың жазуы, содан кейін тәннің де, жанның да тыным көрмеуі, рухани соққылары алып адамды алып жықты. Есесіне, бұрынғы Талдықорған – Алматы жолының бойында алып монумент мәңгіге орнады. Ары өткен-бері өткенде ерніміз жыбырлап дұға етуші едік. Кейде жақындап барып Құран оқытушы едік. Қазір бір сағаттай уақыт үнемделгеніне мәзбіз. Сол мүмкіндігімізден айрылдық. Ел-жұрт арнайы барып, жылына бір рет болса да гүлін қойып жатады, жас жұбайлар тәу етеді.

МЕНІ ЖЕТЕЛЕГЕН НҰРЛЫ ЖОЛ

1974 жылы тағдырдың жаңа бағытымен Нұрмолда Алдабергенов атындағы сегіз жылдық мектеп-интернатқа Қарабұлақ кентіндегі аудандық оқу бөлімінен бұйрық алған мен зілдей сөмкемді арқалап Талдықорғандағы автобекетке келдім. «Сағат 10-да жүретін автобус болмайды, енді 11:15-те бір-ақ жүреді» - дегенге қиналып тұрдым да: «СХТ мен Шұбар бір-біріне тиіп тұр» – дегенді қабыл етіп, «СХТ» деген автобусқа отырдым. Жарты сағат өтпей жетіп келдік те, әрі қарай зілдей сөмкемді көтеріп ұзын жолға түстім. Тамыздың ыстық күні әлі келемін, әлі жоқ. Иә, көкпеңбек ауыл көрініп тұр, бірақ жеткізбейді. Әлгі кешіккен автобус басып озып кетті. Қасымнан велосипед мінген бір адам өтіп барып, тоқтай қалды. Осыдан оншақты жыл бұрын біздің ауылдан көшіп кеткен Тиінов Ермұханбет ағам танып, жөн айтысып, сөмкемді салып алды.

– Аға, анау шеткі екі қабатты аппақ үй мектеп шығар, ә? – деп қуанып келемін.

– Жоқ, а, – деді ағам, – ол колхоздың диірмені!

Ал керек болса! Ауылдың екі-үш қабатты мектептері беріліп жататын, бірақ диірмен осындай болады деп естімеппін.

Шұбардың шеті түгіл ортасына барсаң, бір күнде аралап шыға алмайтындай, кішігірім қалаға бергісіз елді мекен. Тамыз айында Шұбар ауылы көкпеңбек бақшасарай сияқты. Тық-тық етіп, асфальт түгіл, тротуар басып әлі келеміз. Сызғышпен сызып қойғандай көшелер, бірінен-бірі озған әдемі үйлер, әр үйдің шарбағынан қызыл-шұбар гүлдер, бұтақтарымен бірге иілген алма, алмұрт көз қуантады. Сол кездегі колхоз бастығы Социалистік Еңбек Ері Бошай Кітапбаев екен, алайда ауылдың келбетін осылай тұрғызып кеткен Нұрмолда атамыз еді. Ауыл көк орманның ішінде тұрғандай.

Сейітқан деген ағамның үйіне тоқтадым. Олар да алдымен Нұрмолданың өзіне арнап салған үйінен шығып, жеке үй сатып алған екен. Коммунистігімді міндет қылып, «балам бар, үй беретін жерге ғана барамын», дегендегі алған жолдамам ғой. Атамыздың өзіне салған үйінде алдымен пансионат болыпты. Енді мектеп-интернат ұстаздарының төрт отбасы тұрады. Соның екі бөлмесі әзірше босамай тұр еді, күте тұрдым. Сол үйдің артындағы шаруашылыққа арналған каркас үй шағын үш бөлмелі. Сонда аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Ө. Молбаев алты адам болып тұрып жатыр.

Негізі, осы ауылдан шыққан мықты-мықты мамандар жанжаққа, облыс, тіпті республикаға көтеріліп кетіп жатады екен.

Алдабергеновтің үйіне құдайға сыйынып, жеті нанымды беріп орнықтым. Ұйықтар алдында да кәлимамнан кейін сол кісіні атайтынмын: «Мына баспалдақпен жүрді ғой, мына қабырғаны ұстады ғой», – деп, өзіме пір тұтқаным – шындығым. Мен коммунист едім, бірақ нағыз атеист болмадым.

Нұрмолда Алдабергенов шопандар мен көп балалы отбасыларының балаларына арнап екі қабатты сегізжылдық мектеп, үш қабатты заманауи интернат салғызған екен. Атшаптырым аумағында үлкен алма бағы, стадионы, шаруашылық аймағы – бәрі қоршалған. Стол теннисі жарысы, волейбол, футбол, баскетбол спартакиадалары үзілмейді екен.

Қызылша науқаны кезінде адамдар бейсауат жүрмейді. Киім киістері де «мынау саушы шығар» қызылшашы шығар» дегізбейді. Мұғалім, кеңсе қызметкерлерінен

НҰРЛЫ ЖОЛЫ

колхозшылардың айырмашылығы жоқ.

Қос қабатты балабақша өзін кіріп кетердей. Әдемі ойын алаңы. Ол заманда қаланың өзінде балабақшаның көпшілігі бір қабатты еді. «Орын жоқ, — деді, — науқан аяқталғанда, жыл соңына қарай болмаса».

Үлкен бір аумақта Мәдениет үйі. Аудандық мәдениет сарайларынан да аумақты, көркем. Облыстық, республикалық шаралардың қатысушыларына осы ауылды көрсетпей қоймайды екен. Сондықтан тазалық, көркемдік мәселесі бір күн толастамайды. Аяғыңның астына жапырақ үймелемейді, балшыққа да батпайсың.

Батырлар аллеясын аралап шығудың өзі бір ғанибет. Нұрмолда Алдабергенов ескерткішімен басталған оң жақ, сол жақ, қапталда Еңбек Ерлерінің тірісінің де, өлісінің де бет-бейнесі аралас, бәрі еңбекке, отансүйгіштікке шақырып тұрғандай. Мен бұны мақала үшін емес, шынайы айтып отырмын. Дәл сол кезде маған солай әсер етті.

Сол алаңда екі қабатты колхоз кеңсесі және сондай қонақ үйі бар екен. Олардың бір жеріне дақ тиіп, сылағы түсіп көрмейтін сияқты. Ауылдық кеңеске барып тіркеуге тұрдым. Сол жер ғана бір қабатты әсем үй еді, қазір екі қабатты ғимарат болыпты.

Бұл ауылда «қалаға кетемін, тұрмысымды көтеремін» деген адам естіп көрмедім. Өйткені елдің қағанағы-қарқ, сағанағы-сарқ.

Халық театры бар еді. Бүкіл Қазақстанға аты шыққан өнер ордасын Таубай Әбішбаев, бұлбұл келіншегі Кенжегүл басқарды. Осылардың көркемдік кеңесіне мүше болғаным бар. Кәдімгідей жаңа спектакльдерін талдап, режиссер біздің пікірімізбен санасатын. Жазушы–драматург Садықбек Адамбековтің өзіне біраз пікір қосқаным бар.

Ауыл орталығында екі қабатты универмаг, сыртында шаруашылық тауарлары дүкені, гастрономы, кітап дүкені, шаштараз, аяқ киім, тігін шеберханалары бар.

1974 жылды көзіне елестеткен адам қазір кем дегенде 60 жаста болу керек. Бұл көрініс ол кезде ауылдарға емес, аудан орталығының кейбіріне ғана тән еді.

Қонаққа, тойға дегендей дастарханда баруымыз көбейді. Жоғары талғаммен жиһаздалған үйлер, мәдениетті де берекелі ас мәзірі кез келген үйдің қалыптасқан дағдысы еді.

Ауыл наубайханасынан арбамен алып шығып, көше аралап, қызылшашы отбасыларына беретін дәу-дәу бөлке нандар болушы еді. Кейде жалынып-жалбарынып: «Біз де қызылшаға шығып жүрміз ғой», – деп алып қалатынбыз.

Жыл қорытындысы бойынша мұғалімдерге де қап-қап қант тиетін. Шаруашылық ұстаған мұғалімдер жем, шөп, жом түсіріп алып жататын, тіпті соғым алатын. Қымыз бен шұбатын, Жамал апамды ұмытқан емеспін.

Ол кезде «Коммунизм құрамыз» деген ұғым болатын еді. Бірақ «қой үстіне бозторғай



жұмыртқалаған» деген заман, сол коммунизм сол Шұбар – қазіргі Алдабергенов деген ауылда болған екен.

«Көп ұлтты» деген сөз кейде көбік үшін айтылады, саясат үшін айтылады. Ал осы ауылда қазақтан кейінгі көп халық неміс еді, сосын орыс, поляк, грек, кәріс, шешен, татар, ұйғыр, өзбек, т.т – бәрін көрдім, таныстым. Көше аралап тізім жасадық, ата-аналарға жолықтық дегендей. Б. Разбицкий деген агроном да, Е.Гайворонская деген сауыншы да – бәрі Нұрмолданың шекпенінен шыққандар еді. Олар Нұр-ағасын құрметпен, ілтипатпен еске алатын.

«Мәдениет және тұрмыс» журналының 20 жылдығында көшпелі редакциясы келіп, кездесу өткізді. Соған қатысып талқылағандар ретінде төраға Бошай Кітапбаевпен бірге журналға суретіміз шықты. 20 жыл ішінде өскен ауыл келбеті, Нұрмолданың нұрлы жолын айқындап берді. Журнал беті тек XXII партсъезд колхозына арналды.

«ШИПАГЕРЛЕР»

Басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам бола ма? Бұл ауылдың адамы аудан, облыс деп шапқыламайды екен. Қос қабатты ауруханасы анау-мынау



ауданға дес бермейтіндей. Сол кезде Нұртай Кәткенов - бас дәрігер, Кеңес Валиев - терапевт екен. Аттары шыққан мықты мамандар еді. Өзім ауруханада жатып, Алматыдағы емімнен артық болмаса, кем емес екенін байқадым. Қаратал аудандық ауруханасында екі өкпесіне бірдей суық тиіп, нашарлаған шешемді әкеліп жатқызып, құлан-таза айықтырдым. Құрылғылары, мамандары сай, қайта-қайта жеңімпаз болып жүретін аурухана еді.

Ауылдың 650 орындық М. Байысов атындағы орта



мектебіне екі ауысымда оқитын балалар сыймайтын еді. Мектеп директоры Сағынбай Мұратбеков 80–90 мұғалімді бір уысында ұстап, ауданда алдыңғы қатарды бермейтін. Осы мектепке

қазақ тілі мұғалімдері ауырып қалған кезде мен шақырылып тұрдым. Мектеп өмірі тынымсыз: спорт жарыстары, КВН-дар, диспуттар болып жататын. Осы КВН-ды- «Көңілді тапқырлар» ойынын өз мектебімде, кейін облыс көлемінде, педагогикалық институтта жаңа сценарийлермен дамытып, насихаттағаным бар. Осының бәрі Нұрмолданың салып кеткен сара жолы тәрізді..

50 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ КЕЗДЕСУ

Мектеп-интернатымыз Нұрмолда Алдабергенов атында болған соң, 1976 жылы атамыздың 70 жылдығын атап өту шарасын маған тапсырды.

Ол кезде стенд жасаймыз, газет-журналдан алған суреттер, мақалалар қабырғаға жапсырылады. Баяндама мәтінін директорымыз Асылкен Тұрғанбековке жазып бердім. Оқушыларға концерт бағдарламасын жасап дайындалдық. Нұрмолда атамыздың бәйбішесі Ақжарқын апа, қызы Күлән келді. Немересі аппақ «Волгасын» айдап келді. Сондағы «қатырғанымыз» - интернат асханасында дастархан жайдық.

Сол кезде қазіргідей мерейтой өткізу үрдісі жоқ па, білмеймін, Н.Алдабергеновтың 70 жылдығы аса қатты дәріптелмеді.

Аузыма құдай салыпты: сол кештің жүргізушісі ретінде: «Атамыздың әлі де 80, 90, 100... жылдықтары Ленин сияқты атап өтілеріне сенімдімін», – деп, бәрін риза қылып едім. Бірақ Алдабергенов жолы Лениннен озды. Менің өзім жарты ғасырдан кейін пірдей мойындаған атамның 120 жылдығына естелік жазып отыруым да бүгін бір мұғжиза сияқты.

МҰРАЖАЙ

Осы ауылдан шығып, биіктеп кеткен ауыл ұрпағының бірі Көшкімбай Жанатов Сарқан ауданынан қайтып, Шығыстағы еліне оралған Б. Кітапбаевтың орнына келіп, колхоз председателі болды.

Өзі де дамып, өсуін тоқтатпаған шаруашылыққа Көшекеңнің қосқан еңбегін айтпай-ақ қояйын. Ал аңыз-абыз Нұрмолданың атын жаңғыртуға сіңірген еңбегі өлшеусіз болды. Шұбар ауылдық округінің және ауылдың атын Алдабергенов деп өзгертуге мұрындық болды. Ал біздің отырған үйімізді музей жасаймыз дегенде, әрине, алғашқыда абыржып қалдық. Көмір жақпайтын, су тасымайтын жайлы жерді кім қисын? Үйімізге келіп түсіндіріп, Көш-аға үш отбасына үлкен-үлкен үш үй берді. Әлгі зілдей сөмкемен келген менің өзім 1982 жылы облыстық Мұғалімдер Білімін Жетілдіру Институтына ауысқанда ағаш жиһаздарымды сондағы ағайындарға тастап, қалған жүгімді жүк машинасымен алып көшкенім рас. Шыбық қадасаң, ағаш өсіп шығатын Жетісудың жері аз емес қой, алайда... Қасиетті Алдабергенов ауылына өзің қалай адал болсаң, ол саған сондай бақ береді, жолыңды ашады.

Ал Алдабергенов мұражайы жеке адамға арналған шаңырақ ретінде жер бетіндегі абат бақтың ортасындағы жұлдызды сарай болыпты. Мұражай қызметкерлері аталарының аруағын асқақтатып жатыр екен.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазіргі ауыл да жарқырай түсіпті. Сол тазалық, сол мәдениет. Тазартылған күмістей аппақ ауыл. Әрине, «егіс көлемі, мал басы» деген әңгіме аз. Бәрі жекешеленген. Заман осындай.

Мен барғанда дүниеге келмеген бала бүгін туған ауылын басқарып отыр. Ауыл әкімі Жалғас атасы Садырбайдан, әкесі Бақыттан кейінгі үшінші әкім болып, ұрпақтар сабақтастығының ерекше үлгісін көрсетіп отыр. Бір отбасынан әкімнің үшінші тізбегі болу қайда бар?! Тіл-көз тимесін!

Нұрмолданы сол заманға, соғыстан кейін әлсіреген ел бағына адал еңбектің айнасы етіп Алла өзі жаратып берген шығар. Әйтсе де «Болашақ» бағдарламасын білмей-ақ, университет дәрісін тыңдамай-ақ, академиктердің басын идірген адал адам, адал табыспен, адал еңбекпен үлгі бола алатын Нұрмолдадай адамды Жаратқан иеміз қайта берер ме екен?! Атақты шопан да, дикан да, дәрігер де, мұғалім де көп қой, бірақ соның бәріне жол көрсететін, іштей оқып туған дала корифейі Нұрмолдадай адам жүз жылда да тумай жатыр-ау. Мүмкін ендігі туған да болар?..

АРМАН

Қазақтың маңдай-бағына
Туса ғой дана тағы да!
Анадан дана боп туған
Ақылы асқан қазына.

Жықпаған елдің намысын,
Жемеген жұрттың табысын,
Жетектеп жетім-жесірді
Кесектеп алған алғысын.

Алыста да, бұл маңда,
Өрісте де, қырманда
Адалдықтың үлгісін,
Адамдықтың үрдісін
Көрсеткен абыз Нұрмолда.

Бүгінгі жалқау диванда
Пысқырмай арға, иманға,
Қалтамды қағып жегіштер,
Сатылып жайлау, өрістер
Құлазып көңіл тұрғанда
Келер ме ед қайтып
Нұрмолда!

Нұрмолда нағыз Нұр-Ата,
Алашым үшін Ұлы Ата.
Талмаған тарлан Нұрмолда
Тарихи тұлға ірі аса!

Менің ертегім ақиқат еді, енді аңызға айналған тәрізді.



Бағила АЗАНБАЕВА
Талдықорған қаласы

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 39 (1302) 09.10.2026 Алатау

БҰРЫМЫ 1,5 МЕТР ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ НЬЮ-ИОРК ПОДИУМЫНДА

Қазақстандық модель Гауһар Өмірзақ Нью-Йорк сән апталығында ерекше образымен көпшіліктің назарын аударды. Подиумға қою қызыл түсті көйлекпен шыққан модельдің тізесінен асатын қолаң шашы оның образын айшықтай түскен. Қазақстандық арудың ерекше келбеті шетелдік дизайнерлердің де қызығушылығын тудырған. Сән әлемі – Гауһардың өміріндегі жалғыз бағыт емес. Ол – төрт баланың анасы, бірнеше жыл мұнай-газ саласында еңбек еткен маман. Ақпараттық технологиялар мен лингвистика бойынша білім алған. Қазір халықаралық білім беру жобаларымен айналысып, fashion-индустрияда да өзін танытып жүр. Гауһар Өмірзақ сұхбат барысында өзінің сән әлеміне қалай келгенін, ұзындығы 150 сантиметрге жеткен шашының күтімін, Нью-Йорк сән апталығындағы әсерін және алдағы Париж сапарына дайындығын айтып берді.



«ЖЕТІ ЖЫЛДАН АСТАМ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕДІМ»

Гауһар Өмірзақ – Орал қаласының тумасы. Оның негізгі мамандығы сән индустриясынан мүлде бөлек. Алғашқы білімін ақпараттық технологиялар саласында алған ол кейін лингвистиканы да меңгеріп, ағылшын және француз тілдерін оқыған.

- Жеті жылдан астам уақыт кәсіби қызметім мұнай-газ саласымен, инженериямен, автоматтандырумен және техникалық бағыттағы жобалармен байланысты болды. Қазір бірден бірнеше бағытты қатар дамытып жүрмін. Халықаралық білім беру саласындағы жобалармен айналысамын және халықаралық fashion-индустрияда модель ретінде танылып келемін. Қазақстан атынан сән көрсетілімдеріне қатысып жүрмін, – дейді.

Бүгінде ол төрт баланың анасы.



Айтуынша өмірде үлкен өзгерістер болғаннан кейін де әйел адамның жаңа кезеңді бастап, мансабын құрып, армандарын жүзеге асыра алатынын өз мысалымен көрсету өте маңызды деп санайды.

ГАУҺАРДЫҢ ШАШЫ ТІЗЕСІНЕН ТӨМЕН

Модельді алғаш көрген адамның назарын бірден аударатын ерекшелігі – оның қолаң әрі ұзын шашы. Гауһардың айтуынша, қазір шашының ұзындығы шамамен 150 сантиметрге жетеді.

Уақыт өте келе ұзын шаш оның жеке стилінің ғана емес, халықаралық сән сахнасындағы танымал образының бір бөлігіне айналған.

- Иә, менің шашым шынымен де өте ұзын. Қазіргі ұзындығы шамамен 150 сантиметр. Бұл менің образымның бір бөлігіне, мені өзгелерден ерекшелендіретін белгіге айналды. Сән көрсетілімдері мен халықаралық іс-шараларда адамдар көбіне алдымен шашыма назар аударады. Содан кейін ғана менің өмір жолым мен оқығама қызығушылық таныта бастайды, – дейді модель.

ҮЙДЕ ТАҒЫ ЕКІ БҰРЫМ САҚТАУЛЫ ТҰР

Гауһар шашын он жылдан астам уақыт бойы өсіріп келеді. Оның айтуынша, бала күнінен шашы ұзын болғанымен, есейген кезде оны ұзын күйінде сақтауға саналы түрде шешім қабылдаған. Бір қызығы, қазіргі шашы – модельдің осындай ұзындыққа дейін өсірген үшінші бұрымы.

- Бұл – менің үшінші бұрымым. Әдетте шашымды бұрым етіп өріп, әбден ұзарған кезде қиып аламын. Үйде бұған дейін қиған тағы екі ұзын бұрымым сақтаулы тұр. Әрине, осы уақыт ішінде шашым сау әрі жақсы көрінуі үшін ұштарын түзеп, қиып тұрамын. Бірақ ұзындығын ешқашан түбегейлі қысқартқан емеспін. Мен үшін шаштың ұзын болғаны ғана емес, оның сапасын сақтау да маңызды. Ең ұзын кезіндегі шашымның ұзындығы 174 сантиметрге дейін жеткен, – дейді ол.

Модель мұндай ұзын шаш өсіруді тек сыртқы ерекшелік немесе сән үшін жасалған қадам деп қабылдамайды. Оның сөзінше, ұзын шашқа деген қызығушылығы бала кезінен басталған. Кейін бұл ерекшелік оның жеке стиліне айналып, дәстүрлі қазақы эстетика мен заманауи fashion-индустрияны байланыстыратын құрал болған.

- Бұл бала күнгі арманым мен мінезімнің үйлесімі шығар. Маған ұзын шаш әрқашан ұнайтын. Оның бойында әйелдік нәзіктік, сұлулық және дәстүрмен, өз тамырыңмен байланыстыратын ерекше бір қасиет бар деп ойлаймын. Уақыт өте келе ұзын шаш менің даралығымның бір бөлігі бола алатынын түсіндім. Қазір шашымды жай ғана сыртқы келбетімнің бір элементі ретінде қабылдамаймын. Ол – менің образымның және белгілі бір деңгейде қазақстандық әйел туралы айтқым келетін оқиғаның бір бөлігі. Маған Қазақстанның дәстүрлі эстетикасын заманауи fashion-образбен ұштастыру ұнайды, – дейді Гауһар.

ҰЗЫН ШАШТЫҢ КҮТІМІ – ЖЕКЕ БІР РӘСІМ

150 сантиметрлік шашты күтіп-баптау оңай емес. Модель шаш күтіміне ерекше көңіл бөліп, қолданатын өнімдерінің сапасын қадағалайтынын айтады.

Әсіресе шашты жуып болғаннан кейін толық кептіру мен зақымдамай тарау көп уақыт алады.

Мұндай шаштың күтімі – жеке бір рәсім деуге болады. Қолданатын құралдардың сапасына өте мұқият қараймын. Шашты артық өнімдермен ауырлатпауға тырысамын және міндетті түрде нәрлендіру мен қалпына келтіруге көңіл бөлемін. Шашты жуу, кептіру және тарау қалыпты ұзындықтағы шашқа қарағанда әлдеқайда көп уақыт алады. Әсіресе оны толық кептіріп, асықпай, ұқыпты тарау қиын, – дейді ол.

Бірақ Гауһар мұны проблема ретінде қабылдамайды. Бұл – оның өмір салтының бір бөлігі. Осындай ұзын шаш өсіру үшін оған уақыт бөліп, күтім жасауға дайын болу керек екенін айтады.

«КЕЙДЕ БӘРІН ҚИЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ОЙ КЕЛЕДІ»

Төрт баланың анасы үшін жұмыс, сапар, балалардың күтімі мен сән әлемін қатар алып жүрудің өзі үлкен жауапкершілік. Оған күнделікті өмірде ұзын шаштың күтімі де қосылады.

Гауһар кей кездері шашын қысқартып тастағысы келетінін жасырмайды. Дегенмен әзірге мұндай өзгеріске дайын емес.

Әрине, кейде оңай емес. Әсіресе тез жиналу керек болғанда, балалармен



айналысқанда, сапарға шыққанда немесе жұмыс істеген кезде қиындық туындайды. Бірақ мен шашыммен дұрыс жұмыс істеуді үйреніп алдым. Күнделікті өмірде көбіне жинап жүремін, ал іс-шаралар кезінде түрлі образ жасай аламын, – дейді.

Кейде, шаршағанда қиып тастағысы келетінін айтады. Бірақ әзірге оған дайын емес. Өйткені қолаң шаш оның өмір тарихының бір бөлігіне айналып үлгерді.

НЬЮ-ЙОРК ПОДИУМЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ БЕЙНЕ

Нью-Йорк сән апталығына қатысу Гауһар үшін халықаралық fashion-индустриядағы маңызды кезеңдердің біріне айналған. Ол бұл деңгейге түрлі байқаулар, сән көрсетілімдері мен дизайнерлермен ынтымақтастық арқылы біртіндеп келгенін айтады.

Қазақстандық модель дизайнер Тимур Тұрсынқұловпен жұмыс істейді, ал шетелдік көрсетілімдерде халықаралық дизайнерлермен ынтымақтасады.

Нью-Йорктегі көрсетілім кезінде қою қызыл түсті көйлек пен ұзын шаштың үйлесімі ерекше образ қалыптастырған. Гауһар бұл образды жасауда Алайя Шансельдің еңбегін ерекше атап өтті.

Нью-Йорк сән апталығына қатысу менің халықаралық fashion-жолымдағы маңызды кезең болды. Алайя Шансельге ерекше алғысымды білдіргім келеді. Қою қызыл түсті сәнді көйлектің арқасында көрермендер менің шашымның ұзындығына ғана емес, образдағы сымбатқа, әсемдікке және өткен ғасыр стилінің элементтеріне де назар аударды, – дейді модель.

Нью-Йорк подиумына шыққан кезде қатты толқығанын айтады. Бірақ дәл қолаң шашы жұрт талқылайтын басты детальдардың біріне айналады деп күтпеді.

Шашым шынымен де есте қалатын образ қалыптастыруға көмектеседі. Әсіресе халықаралық сахнаға Қазақстанның өкілі ретінде шыққанда, заманауи сәнге өзіңе тән бір ерекшелікті алып келудің өзі қызық, – дейді ол.

ШЕТЕЛДІК ДИЗАЙНЕРЛЕРДЕН ҰСЫНЫСТАР ТҮСКЕН

Нью-Йорктегі және басқа да халықаралық көрсетілімдерден кейін қазақстандық модельге шетелдік дизайнерлер тарапынан жаңа ұсыныстар түсе бастаған. Дегенмен Гауһар ұсыныстың көп болғанынан гөрі, әр жобаның мазмұны мен өзінің образына қаншалықты сәйкес келетініне басымдық беретінін айтады.

- Қазір мұндай ұсыныстарға өте мұқият қараймын. Жай ғана жобалардың санын көбейте бергім келмейді. Мен үшін ынтымақтастықтың белгілі бір мағынасы болуы және менің образыма сәйкес келуі маңызды. Әсіресе fashion-индустрияны, Қазақстанның ұлттық мәдениетін және заманауи халықаралық эстетиканы біріктіре алатын жобалар қызықтырады, – дейді.

Қазір кейбір келіссөздер талқылау кезеңінде жүріп жатыр. Сондықтан нақты келісімшарттар туралы ресми түрде расталғаннан кейін ғана айтқанды жөн көрді.

КЕЛЕСІ МАҚСАТ – ПАРИЖ СӘН АПТАЛЫҒЫ

Қазір Гауһар келесі үлкен халықаралық қадамына дайындалып жатыр. Оның жоспары – Париждегі сән апталығына қатысу. Алайда модель үшін Парижге барудың мақсаты тек подиумға шығып қайтумен шектелмейді. Ол халықаралық аудиторияға заманауи қазақстандық әйелдің бейнесін танытқысы келеді.

- Қазір Парижге дайындық кезеңіндемін. Көрсетілімдер, образдар, киім өлшеу және түрлі ұйымдастыру мәселелері келісіліп жатыр. Мен үшін Париж – кезекті fashion-көрсетілім ғана емес. Мен заманауи қазақстандық әйелдің образын көрсеткім келеді. Ол – нәзік, өзіне сенімді, дербес және сонымен бірге өзінің мәдениетімен, тамырымен байланысын үзбеген әйел бейнесінде болуы шарт, – деді.

Ұлттық мотивтерді заманауи тұрғыда ұсынатын дизайнерлер оған ерекше қызық. Ол халықаралық аудитория Қазақстанды тек дәстүрлі киім арқылы ғана емес, өз тарихын өзі жасап келе жатқан заманауи әйел арқылы да көргенін қалайды.

Гауһардың айтуынша, сән әлеміндегі жаңа кезең оның бұған дейінгі кәсіби тәжірибесін жоққа шығармайды. Керісінше, инженерия, халықаралық жобалар, ана рөлі мен fashion-индустриясы оның өмірінде қатар тоғысып отыр.

Төрт баланы тәрбиелеп отырған модель тізесінен төмен түсетін қолаң шашы халықаралық сахнада оның ерекше белгісіне айналған. Гауһар үшін бұл жай ғана сыртқы ерекшелік емес – ұлттық эстетика, әйелдік болмыс пен заманауи сәнді бір образға біріктірудің бір тәсілі.

Амангүл Тілейқызы
(Дереккөз: ЕЛ кз. сайтынан)

Бейсенбі - Четверг, 15 қазан

ХАБАР

05.00,13.30 «Рауза»
06.00 Концерт
08.00 «Оян!»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайқ»
13.00 «Өзекті»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.15,20.00 «Келінжан»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Музарт-25 жыл»
23.30 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Подение ордена»
06.50 «Позднее раскаяние»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.05 «Давай пженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.15 «Көреміз шоу»
20.00, 01.25«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Волчий берег»
01.55 Сериал «Сальса»
04.15 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің»
08.10 Вечерние новости
09.10 Сериал «Пламя жизни»
11.30 «Агенты справедливости»
14.00 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Топтун»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
00.20 Сериал «Агенты справедливости»
02.30 Сериал «Топтун»
04.20 Сериал «Сүйгенің қайда»
05.10 «Закира»
05.50 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Біздің бренд»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Шашу»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 «Упавшие в пропасть»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Аналар күні»
17.00 «Әу» де»
18.00 «19 регион»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «После огня»
20.00 «Осы рас па?»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Таза мекен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Мектеп президенті»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,04.20 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.40 «Ризамын» ойын-сауық
07.00,20.00 информбюро (рус., каз.)
08.00,05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
08.20 «Ойнама»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.15 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
10.00«Мышинная охота»
12.20 худ. фильм «Ордер на смерть»
14.30 худ. фильм «Последний рубеж»
17.00 худ. фильм «Кракен»
21.00 худ. фильм «План побега»
23.40 «Не дыши»
01.40 «31 әзіл » ойын-сауық
03.20 «Time Vine» ойын-сауық
03.40 «Тик ток» ойын-сауық
04.00«What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

04.30 «Дем соңғы үміт»
05.30 «Ата-ана,бала-шаға»
06.40,08.10,20.00 Телехикая «Запретная любовь»
08.00 Новости утро
09.00, 16.00,18.30,01.10Телесериал
10.20 «Многодедный»
12.40,15.40 Мультфильм «Ну погоди»
13.00,19.30 Новости прямой эфир
13.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.10 «Мың рет сүйдім»
02.10 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
02.50 Қызықты weekend
03.30Тазалық уақыты

Жұма - Пятница, 16 қазан

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00, 13.30 т/х «Рауза»
06.00 Концерт
08.00 «Оян!»
10.00 т\х «Алданған тағдыр»
12.00 «ОйнаIQ»
13.00 Народный контроль
14.15 т/х «Ақ жеңге»
15.15, 20.00 т/х «Келінжан»
16.00 Кино
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «КешREC»
00.10 сериал «Ловушка(
01.10 телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00 сериал «Падение ордена»
06.55 сСериал «Позднее раскаяние»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.30 «Доброе утро, Казахстан»
11.05 «Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.05 «Давай поженимся!»
14.10 Жаңалықтар
14.20 Новости
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.25 Басты жаңалықтар
19.00, 02,55 «Koremiz show»
20.00 Главные новости
20.30 «Құрылтай онлайн»
20.55 «Поле чудес»
22.30 сериал «Дела житейские-7»
03.35 П@UTINA

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің»
08.10 Вечерние новости
09.10, 03.10 сериал «Пламя жизни»
11.30 сериал «Агенты справедливости»
14.00 «Битва экстрасенсов. Реванш»
16.30, 01.55 сериал «Топтун»
18.30 ссриал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 сериал «Свои»
03.45 отандық т/х «Сүйгенің қайда?»
04.45 отандық т/х «Закира»
05.30 КТК қоржыны
06.05Кешкі жаңалықтар
05.25 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Таза мекен»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Осы рас па?»
11.20 «Әсем әуен»
12.00 «Әу» де»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «После огня»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Мектеп президенті»
17.00 «Тарлан»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «Дін мен дәстүр»
18.35 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Менің елім»
20.00 «Сергек»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Сергек»
21.10 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Шашу»
22.45 «Тілашар»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Әзіл студио»
06.30, 05.40 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 05.20 «Күліп AI»
08.20 т/х «Ойнама»
09.30 м\с «Черепашки-ниндзя» «Губка Боб в 3D»
10.30 х\ф «Облачно, возможны осадки в виде фрикаделек»
11.30 кино «Джуманджи»
14.10 х/ф «Кракен»
17.20 кино «Тайна печати дракона»
21.00 х/ф «Джон Уик 3»
00.00 х\ф «План побега»
02.00 «31 әзіл»
03.20 «Time Vine»
03.40 «TikTok show»
04.00 «What's up?»
04.40 «1001 әзіл»
04.50 «Bala BATTLE»

7 КАНАЛ

04.30 т/х «Дем. Соңғы үміт»
05.30 т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
06.40,08.10, 20.00 Т/с «Запретная любовь»
08.00 Новости «Утро»
09.00, 16.00, 18.30, 01.20 т/с
10.20 к/ф «Тимучин»
12.40, 15.40 м/ф «Ну, погоди»
06.25, 23.10 Т\х «Иффет»
08.00,10.10 Т\х «Жетімдер»
13.00 Жаңалықтар/Новости тікелей эфир
13.30 т/х Тәуіп Хо Жун»
18.00 Жаңалықтар тікелей эфир
19.30 Новости прямой эфир
22.10 Сериал «Далекий город»
23.10 т/х «Иффет»
00.20 т/х «Мың рет сүйдім»
02.10 Әйгерім Сефолланың сырласуы
02.50 Қызықты weekend
03.30 Тазалық уақыты

Сенбі - Суббота, 17 қазан

ХАБАР

05.00, 12.30 «Cover show»
07.00 Концерт
09.00 «Азамат»
10.00, 21.00 т/х «Алданған тағдыр»
11.00 Мультфильм
13.00, 23.00 Мелодрама
15.00 «Жекпе-жек айтыс»
16.30 т/х «Ақ жеңге»
19.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
22.00 «7 күн»
22.40 Жұмыр жер
01.00 т/с

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Qaimaq»
07.50 Главные новости
08.30 Құрылтай онлайн»
08.55 т/х «ауыл мұғалімі»
11.15 «Поле чудес»
12.55 сериал «Дверь в прошлое»
17.30 «Точь-в-точь»
20.00 «Basty Prime»
20.50 сериал «Счастье по ошибке»
01.35 х/ф «Стендап под прикрытием»
03.15 «Qaimaq»
04.15 П@UTINA

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 05.50 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Әнім сен едің»
07.50, 01.15 «Было дело» д/д
09.10 Вечерние новости
10.00,03.30 Концерт Нұрболат Абдуллин
12.00 сериал «Однажды в Чукурова»
14.00 Битва экстрасенсов. Реванш
16.45 сериал «Свои»»
21.00 Сериал «Мираж»
05.20 «КТК қоржыны

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Сергек»
10.40 «Әсем әуен»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Сергек»
11.20 «Әсем әуен»
12.00 «Тілашар»
13.00 «Дін мен дәстүр»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Менің елім»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Әсем әуен»
16.35 Д/ф «Санжар Сманов»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Домбыра»
18.40 «Әсем әуен»
19.00 «Білім мен білік»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Әке»
20.30 «Апта»
21.30 «Апта»
22.30 Алғысбек Дәуеннің концерті

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00, 10.40 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
09.30 М\с «Черепашки-ниндзя»
10.00 «Готовим» с Адель
10.40 Д/ф «Жаңа онституция»
11.25 т/х «Ойнама»
11.20 «TikTok show»
12.50 « AI, Бәрекелді»
15.00 Мультфильм
16.50 х/ф «Я краснею»
19.00 Кино «Шан-Чи и легенда десятый колец»
21.30 Х/ф «Люди икс: Апокалипсис»
01.00 х/ф «Не дыши»
02.20 «31 әзіл»
04.00 «Time Vine»
04.20 «TikTok show»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 «Whats up?»

7 КАНАЛ

04.10 ҚР Әнұраны
04.30 т/х «Дем. Соңғы үміт»
05.40 т/х»Ата-ана. Бала-шаға»
06.50, 20.00 сериал «Запретная любовь»
09.00, 16.30, 03.10 Телесериал
18.40 Т/х «10 ₣»
22.10 Сериал «Далекий город»
22.50 т/х «Иффет»
00.10 х/ф «В тени закона»
02.40 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
03.30 Қызықты weekend
04.10 тазалық уақыты
04.40 Жарқыраған жұлдыз

Жексенбі - Воскресенье, 18 қазан

ХАБАР

05.00 «Cover show»
06.00, 07.30, 19.30 Концерт
09.30 Арнайы репортаж
10.00, 21.00 т/х «Алданған тағдыр»\
11.00 Мультсериал
12.00»Өмір өрнегі»
13.00 Кино
14.30, 23.00 Мелодрама
16.30 т/х «Ақ жеңге
19.00 «Мұзарт-25»
22.00 «7 күн»
22.40 Глобальные события
01.00 телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.150 «Qaimaq»
07.15 «BASTY PRIME»
08.15 Т/х «Ауыл мұғалімі»
10.20 «Пусть говорят»
12.05 сериал «Счастье по ошибке»
17.15 х/ф «Ошибка»
20.00 «Аналитика»
20.50 Сериал «Самая, самая»
01.25 Команды
03.30 П@UTINA

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 02.30 Тоқтар Серік «50 жас»
07.50 «Было дело»
10.05 «Реформа»
10.35, 05.00 «Шымкент шоу»
12.30 сериал «Однажды в Чукурова»
14.00, 22.00 Битва экстрасенсов: Реванш»
16.45 сериал «Мираж»
21.00 Портрет недели
00.30 «Было дело» д/д
06.10 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
17.30 «Әсем әуен»
09.00 «Апта»
10.00 «Апта»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Біздің толқын»
13.00 «Білім мен білік»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Біздің бренд»
15.00 «Шашу»
15.45 Ақбота Сабыржановның концерті
18.00 «Единый народ»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Тарлан»
20.30 «Бір кітап»
21.00 «Угәгәй melody»
22.00 «Әсем әуен»
22.30 К/ф «Арман атаман»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.10 «Әзіл студио»
07.00, 02.30 «31 әзіл»
08.00 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
08.50 М\с «Черепашки-ниндзя»
09.20 «Готовим» с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.25 «Күліп All»
10.40 Тұсаукесер т/х «Қала OFF»
11.20 Т/Х «Ойнама»
12.40 х/ф «Я краснею»
13.10 Кино «Шан-Чи и легенда десяти колец»
18.00 кино «Геракл»
20.00 «AI! Бәрекелді шоу»
22.20 х/ф «Крид 2»
01.10 «Bizdin show»
03.50 «TikTok show»
04.10 «Time Vine»
04.30 «1001 әзіл»
04.40 «BALA BATTLE»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

04.10 ҚР Әнұраны
04.30 т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
06.50, 20.00 сериал «Запретная любовь»
09.10,16.30, 03.10 Т/с
13.20 «Алдараспан»
14.20 х/ф «Ва Банк»
18.40 т/х «10 ₣»
22.10 сериал «Далекий город»
22.50 Т/х «Иффет»
00.10 х/ф «Мой язык»
02.40 Әйгерім Сефолланың сырласуы
03.30 Қызықты weekend
04.10 Тазалық уақыты

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 39 (1302) 09.10.2026 Алатау

ШАХВОРОСТОВЫ – ГЕРОИ РАЗНЫХ ВОЙН...





НЕДАВНО СТАЛА НЕВОЛЬНОЙ СВИДЕТЕЛЬНИЦЕЙ СПОРНОГО ВОПРОСА МЕЖДУ ДВУМЯ ЖИТЕЛЯМИ ТАЛДЫКОРГАНА: МЕЖДУ ТАКСИСТОМ И ПОЖИЛОЙ ДАМОЙ – ПАССАЖИРКОЙ ТАКСИ. СУТЬ СПОРА ЗАКЛЮЧАЛСЯ В ТОМ, ЧТО ОНИ СПОРИЛИ НА ВОПРОС : В ЧЕСТЬ КОГО БЫЛА НАЗВАНА УЛИЦА ШАХВОРОСТОВА В ТАЛДЫКОРГАНЕ - В ЧЕСТЬ ИМЕНИ ГЕРОЯ ВОВ, НА КОТОРОМ НАСТАИВАЛА ДАМА ИЛИ В ЧЕСТЬ ДРУГОГО ШАХВОРОСТОВА, НА КОТОРОМ НАСТАИВАЛ ТАКСИСТ, УТВЕРЖДАВШИЙ, ЧТО УЛИЦА НАЗВАНА В ЧЕСТЬ ГЕРОЯ-АФГАНЦА. НИЧЬЮ СТОРОНУ Я НЕ СТАЛА ПРИНИМАТЬ , ПОСКОЛЬКУ В ТАЛДЫКОРГАН ПЕРЕЕХАЛА НЕДАВНО – РАССКАЗЫВАЕТ МНЕ МОЯ СОСЕДКА, И ПРОДОЛЖАЕТ ЧТО, ВОПРОС ПОКАЗАЛСЯ ИНТЕРЕСНЫМ И ОНА, ПРИДЯ ДОМОЙ, СРАЗУ СТАЛА ЗАДАВАТЬ СВОЙ ВОПРОС ИИ. ВОТ ЧТО ЕЙ ИИ ВЫДАЛ. ДУМАЮ, ЧИТАТЕЛЯМ БУДЕТ ИНТЕРЕСНО УЗНАТЬ ЭТИ ФАКТЫ, ХОТЯ, НАВЕРНЯКА, ЖИТЕЛЯМ ОБЛАСТНОГО ЦЕНТРА ДОСКОНАЛЬНО ИЗВЕСТНА ИСТОРИЯ КАЖДОЙ УЛИЦЫ И ИСТОРИИ ГЕРОЕВ, В ЧЕСТЬ КОТОРЫХ ПРИСВАИВАЮТ НАЗВАНИЯ УЛИЦ. ТЕМ НЕ МЕНЕЕ, ИСТОРИЮ ЛЮДЕЙ, ТЕМ БОЛЕЕ ГЕРОЕВ, ЗНАТЬ НЕБЕЗЫНТЕРЕСНО.

ВЕТЕРАН ВОВ ШАХВОРОСТОВ СЕРГЕЙ



КТО ОН И КАКОЕ ИМЕЕТ ОТНОШЕНИЕ К КАЗАХСТАНУ, ОСОБЕННО К ТАЛДЫКОРГАНУ?

Командир отделения саперного взвода 273-го гвардейского стрелкового полка гвардии младший сержант Сергей Шахворостов во время форсирования Днепра проявил выдержку, мужество и находчивость. Накануне форсирования реки отделение Шахворостова в двух километрах от места переправы нашло испорченную резиновую лодку и отремонтировало ее. Сделали из бревен несколько плотов. При форсировании Днепра на лодке под сильным огнем врага Шахворостов сделал 8 рейсов, доставив на правый берег 50 бойцов и 30 ящиков с боеприпасами. Указом Президиума Верховного Совета СССР от 22 февраля 1944 года за мужество, отвагу и героизм гвардии младшему сержанту Шахворостову Сергею Михайловичу присвоено звание Героя Советского Союза с вручением ордена Ленина и медали «Золотая Звезда». В декабре 1943 года С. М. Шахворостов был тяжело ранен. После длительного лечения в 1944 году демобилизован. В 1948 году окончил Казахский государственный институт физической культуры. Жил в городе Алма-Ата. Работал в спортивном обществе «Трудовые резервы». С 2000 года жил в городе Лида Гродненской области Республики Беларусь. Скончался 16 июня 2001 года. Похоронен на кладбище в поселке Молодежный. На месте форсирования Днепра установлен бюст Героя. Награжден орденом Ленина, Отечественной войны 1-й степени, медалями. Его отец Михаил Шахворостов участвовал в Сталинградской битве, погиб. Его имя указано на Мамаевом кургане.

ШАХВОРОСТОВ АНДРЕЙ – ГЕРОЙ АФГАНСКОЙ ВОЙНЫ



ОСОЗНАННЫЙ ВЫБОР

Андрей Шахворостов родился в Талды-Кургане в многодетной рабочей семье. Андрей очень гордился тем, что родился 23 февраля – в День Советской Армии и Военно-Морского Флота.

В 1980 году после окончания средней школы он успешно сдает конкурсные вступительные экзамены, зачисляется на первый курс и становится курсантом Алма-Атинского высшего общевойскового командного училища. Спустя четыре года на торжественном построении Шахворостов в числе четырех лучших выпускников получает золотую медаль и долгожданные офицерские погоны. Его направили в одну из частей Краснознаменного Туркестанского военного округа. Это своеобразный пересылочный пункт, из которого в ноябре он уезжает “за речку”, в Афганистан, навстречу судьбе, в бессмертие…

ПАНДЖШЕРСКОЕ ПЕКЛО

Шел пятый год афганской войны. Сформированный в марте 1984 года в Термезе полк был передислоцирован на место заброшенного кишлака Руха на небольшое плато, окруженное со всех сторон горами. В задачу полка входило сковывание сил противника и недопущение его к трассе Кабул – Хайратон. Туда в ноябре 1984-го прибыл служить лейтенант Андрей Шахворостов. Полк находился у врага как на ладони, завладеть кишлаком душманы никак не могли.Полк фактически размещался в каменном мешке, и условия жизни были крайне суровыми.

Чуть ли не каждую ночь моджахеды предпринимали попытки проскользнуть между постами советских воинов. Но бой 14 декабря 1985 года был особенно яростным. Батальон, где служил лейтенант Шахворостов, внезапно бросили на помощь полку афганских вооруженных сил, оказавшемуся в кольце. Огонь не прекращался ни на минуту. К командному пункту роты, который прикрывала группа лейтенанта Шахворостова, бандитам удалось подобраться почти вплотную. Снарядов они не жалели, рассчитывая, что никто и головы поднять не сможет. Но лейтенант Шахворостов дело свое знал хорошо.Перед полком стояла задача преодолеть за три дня 56 километров и захватить этот самый “крест”, то есть установить над ним полный контроль. Лейтенант Андрей Шахворостов с одиннадцатью солдатами отражал атаки сотни душманов. Ему послали подмогу, но она подошла только через три часа. К тому моменту бой перешел в рукопашную схватку. Подошедшие в последний момент обстреляли “духов” с тыла из гранатометов. Исход боя был решен. Шахворостов, смертельно раненый, руководил боем до конца. Война не оставляет места для переживаний. Как выяснилось впоследствии, вся операция была вызвана тем, что “духи” сбили штурмовик и летчик попал в плен. Самолет был секретный, а летчик – сильно осведомленный. Чтобы вернуть его, решено было перекрыть главный путь поступления наркотиков, оружия, рабов, денег и т. д. Целый месяц мы стояли на “кресте” под обстрелом минометов и снайперов.

При обстреле среди личного состава роты наблюдались растерянность и замешательство. Лейтенант Шахворостов своими решительными действиями восстановил порядок и приказал занять круговую оборону. Огнем из пулемета он остановил наступающую цепь мятежников. Получив ранение, он продолжал руководить боем, а когда кончились патроны, отбивался гранатами. В критический момент поднялся в атаку, увлекая за собой подчиненных. Противник был отброшен, но лейтенант Шахворостов А. Е. погиб. Своим подвигом он спас подразделение от уничтожения, воодушевил личный состав на достижение победы”. **За мужество и личный героизм Указом Президиума Верховного Совета СССР (№ 5244 – XI от 31 июля 1986 года) лейтенанту Шахворостову Андрею Евгеньевичу, присвоено звание Героя Советского Союза (посмертно).**

ОТ НАГРАД ОТКАЗАЛИСЬ

– Андрей действительно погиб геройски, но на представлении к званию Героя Союза в “высших кругах” расписались жирным красным карандашом: “Наградить посмертно орденом Красного Знамени”, поскольку для Звезды Героя он “мало прослужил в Афганистане”, – рассказывал много лет спустя бывший офицер особого отдела штаба 682-го мотострелкового полка Юрий Карабо.

– Такая вот штабная бюрократия. Подвиг, получается, не в счет. Построил нас командир полка подполковник Николай Петров, показал эту бумагу и сообщил, что он от своей награды, к которой его тогда представили, отказывается. Тогда все офицеры полка, в том числе и я, отозвали рапорты на наградные листы за боевой выход на так называемый “Пизгаранский крест” в Панджшере. Случился грандиозный скандал. Андрею все-таки было присвоено высокое звание Героя Советского Союза. А нас, офицеров полка, подавших рапорты, ни орденами, ни медалями никого не наградили.

Потери 682-го мотострелкового полка стали самыми масштабными среди Ограниченного контингента советских войск в Афганистане. Только за несколько месяцев 1984 года было убито 295 человек и более 500 ранено. Почет и уважение всем, кто прошел через этот ад. Светлая память погибшим!

Виктор БЕЛОЗУБОВ
Автор: Сергей РАЙЛЯН
(Из сайта Караван кз.)

От редакции: ***Кроме ИИ, мы тоже подтверждаем, что улица в Талдыкоргане официально названа в честь героя Афганской войны. Андрей Евгеньевич Шахворостов — уроженец Казахстана, родился в городе Талдыкорган. Герой Советского Союза. Героически погиб в Афганистане в 1985 году. Звание Героя ему было присвоено посмертно в 1986 году. Прав был таксист, который сказал пассажирке, что улица названа в честь афганского героя. Наверное, он тоже воевал в этой войне и без ИИ знал всю правду об этой войне.***

ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗНАСЫ

Тіл жоқ жерде ұлт жоқ. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады.

Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс. Ана тілі – ең басты байлығымыз. Ана тілі - ең ұлы, ең тамаша тіл. Менің ана тілім - қазақ тілі. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Әрбір Қазақстан азаматы оны білу керек.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауаты ұрпақ тәрбиелеу.

Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың.

Тіл халық - қазнасы екенін ешуақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тілін меңгеру міндетті. Мен ана тілімен мақтанамын және Қазақстанның мемлекеттік тілін құрметтеймін!

Жапашева Л.Р.
Талдықорған қаласының мамандандырылған тергеу сотының бас маманы

АТА ЗАҢ – ЕЛ ТІРЕГІ

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ, ЕЛДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ НЕГІЗІ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҮШІН АТА ЗАҢНЫҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ. СЕБЕБІ КОНСТИТУЦИЯ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН АЙҚЫНДАП, АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІН БЕЛГІЛЕЙДІ.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданды. Бұл күн еліміздің тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі болып саналады. Ата заңда Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені бекітілген.

Конституцияның ең басты құндылықтарының бірі – адам және оның құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Әр азаматтың өмір сүруге, білім алуға, еңбек етуге, өз пікірін білдіруге және заң алдында тең болуға құқығы бар. Сонымен бірге әр адамның Отанын қорғау, заңдарды сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу сияқты міндеттері де айқындалған.

Ата заң – қоғамдағы тұрақтылық пен тәртіптің негізі. Мемлекет пен азамат арасындағы өзара жауапкершілік те Конституция қағидалары арқылы жүзеге асады. Заңды құрметтеу – әрбір азаматтың ел болашағына қосқан үлесі.

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы жастардың білімділігіне, отансүйгіштігіне және құқықтық сауаттылығына байланысты. Сондықтан жас ұрпақ Конституцияның маңызын түсініп, өз құқықтары мен міндеттерін білуі қажет. Ата заңды құрметтеу – өз елінді, оның тәуелсіздігін және болашағын құрметтеу.

Қорытындылай келе, Конституция – елдің бірлігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды құжат. Ол Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуының берік негізі болып табылады. Ата заңды ардақтау – елдікті бағалау, тәуелсіздікті құрметтеу және болашаққа жауапкершілікпен қарау. Сондықтан Ата заң – шын мәнінде, елдің тірегі.

Садыбекова Г.
Жетісу облысы Талдықорған қаласының мамандандырылған тергеу соты бас маман

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

ЖАУЫНГЕРЛЕР ФУТБОЛ АЛАҢЫНА ШЫҚТЫ



Үшінші қазан күні Талдықорған қаласының № 21751 әскери бөлімінің қаза тапқан жауынгерлерін еске алуға арналған әскери бөлімдер арасында шағын футбол жарысы өтті. Аталмыш жарысқа 10 команда қатысып, өзара жүлделі орындар үшін айқасты. Жарыс қорытындысы бойынша топ жарып, шебер ойын көрсеткен мына жауынгерлерді атауға болады:

Үздік сұрмерген – А.Естаев
Үздік ойыншы - .Қ.Ашимов
Үздік шабуылшы – А.Ақылбек
Үздік қорғаушы - М.Сағдатұлы
Үздік қақпашы - С.Баданбаев.

Тартысты өткен ойын нәтижесінде I орынды №54380 әскери бөлімі, II орынды Инженерлік құрам бөлімі, III орынды Әскери полиция иеленді.

Жеңімпаздар кубок, медаль,грамота және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Абызбаев Әли
Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу клубының Талдықорған қалалық филиалының менеджер операторы

Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан продолжает совершенствовать государственные услуги в рамках цифровизации социальной сферы. Для повышения удобства граждан внедряется электронная очередь при очном прохождении медико-социальной экспертизы (МСЭ). Новый сервис позволяет заранее выбрать дату и время посещения и планировать визит без необходимости ожидания в живой очереди.

ЭЛЕКТРОННАЯ ОЧЕРЕДЬ



Проект по внедрению электронной очереди стартовал в Акмолинской области, а в дальнейшем сервис также был внедрен в городе Алматы. По состоянию на 1 октября 2026 года электронной очередью воспользовались 2 580 человек в Акмолинской области и 3 030 человек в г. Алматы.

Электронная запись осуществляется через Портал социальных услуг (aleumet.egov.kz). Процедура максимально упрощена и включает несколько шагов. После авторизации на Портале социальных услуг с помощью электронной цифровой подписи гражданину необходимо в Личном кабинете выбрать услугу «Запись на освидетельствование», а затем удобные дату и время.

При этом система автоматически определяет соответствующий отдел медико-социальной экспертизы по территориальному принципу. После успешного бронирования на номер телефона гражданина поступает SMS-уведомление с указанием даты и времени освидетельствования, адреса отдела МСЭ и номера талона. За три дня до назначенного визита система дополнительно направляет SMS-напоминание.

При необходимости гражданин может отменить либо перенести запись через Личный кабинет. В случае неявки в назначенное время бронь аннулируется автоматически, о чем также направляется соответствующее уведомление. Внедрение электронной очереди направлено на повышение доступности и удобства прохождения медико-социальной экспертизы, сокращение времени ожидания и более эффективную организацию приема граждан. По итогам реализации проекта в двух регионах будет рассмотрен вопрос дальнейшего масштабирования электронной очереди во всех регионах страны.

Источник gov.kz.

От редакции: Недавно только депутаты Курултая отправли запрос министру здравоохранения Акмарал Альназаровой об отмене электронной очереди для больных пожилого возраста, а также для больных, состоящих на учете по болезни, которым трудно справляться со смартфонами или когда случаются отключения интернета. Только в 2026 году поступило 2925 жалоб на эту тему от граждан в адрес министерства. Вопрос пока на рассмотрении депутатов.

ПОСОБИЯ ПО НОВЫМ ПРАВИЛАМ

В КАЗАХСТАНЕ МОГУТ ПРИОСТАНОВИТЬ ВЫПЛАТЫ

С 1 января 2027 года в Казахстане начнут действовать новые условия назначения социальных пособий. При определении права на государственную поддержку будут учитывать уровень благосостояния семьи. Изменения могут затронуть многодетных родителей, семьи с детьми и получателей социальных выплат, передает Qaz365.kz.

Правительство Казахстана постановлением от 5 октября 2026 года утвердило перечень пособий и условия их назначения, приостановления, возобновления и прекращения. Об этом сообщили казахстанские СМИ со ссылкой на опубликованный нормативный документ.

КОМУ МОГУТ ОТКАЗАТЬ В ПОСОБИЯХ

Главное изменение – введение принципа нуждаемости. Семьи будут оценивать по уровню социального благополучия, который определяется по специальной методике. Ограничения предусмотрены для двух категорий:

• Категория «А» – высокий уровень благополучия.

• Категория «В» – состоятельный уровень благополучия. Гражданам, отнесённым к этим категориям, могут отказать в назначении отдельных государственных пособий. Уже назначенные выплаты также могут приостановить. При этом единый порог дохода, после которого семья считается обеспеченной, в опубликованных сообщениях не приводится.

КАКИЕ 10 ПОСОБИЙ ЗАТРОНУТ ИЗМЕНЕНИЯ

В утверждённый перечень вошли:

1. Единовременное пособие при рождении ребёнка.
2. Ежемесячное пособие по уходу за ребёнком до полутора лет.
3. Пособие многодетным семьям с четырьмя и более детьми.
4. Пособие многодетным матерям, награждённым «Алтын алқа», «Күміс алқа» и другими государственными наградами.
5. Государственное социальное пособие по инвалидности.
6. Пособие по потере кормильца.
7. Специальное государственное пособие.
8. Пособие по уходу за человеком с инвалидностью I группы.
9. Пособие родителям и опекунам, воспитывающим ребёнка с инвалидностью.
10. Специальное профессиональное государственное пособие.

Однако новые ограничения будут применяться не ко всем получателям перечисленных выплат.

КТО СОХРАНИТ ПРАВО НА ПОДДЕРЖКУ

Для отдельных категорий граждан предусмотрены исключения из проверки благосостояния. В частности, они касаются детей с инвалидностью, людей с инвалидностью I и II групп при назначении пособия по инвалидности, детей, потерявших обоих родителей, а также некоторых пенсионеров и получателей специальных профессиональных пособий. Таким образом, высокий уровень благосостояния не во всех случаях станет основанием для отказа в государственной помощи.

БУДУТ ЛИ ПРОВЕРЯТЬ БАНКОВСКИЕ СЧЕТА

Новые условия предусматривают использование финансовых сведений для оценки благосостояния семьи. Совершеннолетним членам семьи потребуется дать согласие на сбор и обработку необходимых персональных данных. При оценке могут учитываться сведения о кредитах, задолженности и ежемесячных платежах.Кроме того, для ряда пособий предусмотрена возможность приостановления выплат, если в течение трёх месяцев подряд по банковскому счёту получателя отсутствовали расходные операции.

СКОЛЬКО ПОЛУЧАЮТ СЕМЬИ В 2026 ГОДУ

До вступления изменений в силу действуют размеры выплат, установленные на 2026 год.

Вид пособия	Размер в 2026 году
При рождении первого, второго и третьего ребёнка	164 350 тенге
При рождении четвёртого и последующих детей	272 475 тенге
По уходу за первым ребёнком до 1,5 лет	24 912 тенге в м/ц
Многодетной семье с четырьмя детьми	69 330 тенге в м/ц
Многодетной семье с пятью детьми	86 673 тенге в м/ц
Матерям с наградой «Күміс алқа»	27 680 тенге в м/ц
Матерям с наградой «Алтын алқа»	32 005 тенге в м/ц
Родителю, воспитывающему ребёнка с инвалидностью	81 871 тенге в м/ц

Размеры выплат на 2027 год могут отличаться от действующих сумм.

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 39 (1302) 09.10.2026 Алатау

НОВАЯ КОНСТИТУЦИЯ РК

НАЧАЛО НОВОГО ЭТАПА КОНСТИТУЦИОННОГО РАЗВИТИЯ

С 1 июля 2026 года вступила в силу Конституция Республики Казахстан, принятая на республиканском референдуме 15 марта 2026 года. Вступление в силу новой Конституции знаменует начало нового этапа конституционного развития Республики Казахстан, в котором высшей ценностью государства остаются человек, его достоинство, права и свободы, а верховенство Конституции служит прочной основой устойчивого развития, законности и справедливости.

Конституция закрепляет верховенство Конституции как Основного закона государства, его высшую юридическую силу и прямое действие на всей территории Республики Казахстан. Все законы и иные нормативные правовые акты подлежат принятию исключительно на основе и во исполнение Конституции и не могут ей противоречить.

Положения о действии закона во времени, которые ранее были закреплены в числе принципов правосудия, получили конституционный статус в качестве одной из основ конституционного строя, а запрет придания обратной силы законам, вводящим новые обязанности, ухудшающим положение граждан либо устанавливающим или усиливающим ответственность, стал общеобязательным для всех государственных органов и должностных лиц.

Расширен перечень вопросов, подлежащих регулированию конституционными законами, включая правовой статус и деятельность Қазақстан Халық Кеңесі, правовой статус столицы, организацию высших органов государственной власти, Конституционный Суд, судебную систему, специальные правовые режимы и иные вопросы государственного устройства. Это обеспечивает повышенную стабильность их правового регулирования.

Учреждён Қазақстан Халық Кеңесі как высший представительный орган народа, наделённый правом законодательной инициативы, что усиливает участие общества в формировании государственной политики. Сформирована новая модель законодательной власти и перераспределены полномочия между государственными институтами.

Существенно обновлена модель защиты прав человека. Конституция изменила модель защиты прав человека, закрепив ключевые гарантии уголовного судопроизводства не как принципы деятельности суда, а как неотъемлемые права каждого человека, обязательные для соблюдения всеми государственными органами с момента фактического ограничения свободы. В их числе - право на защиту с момента фактического задержания, судебный контроль за ограничением свободы, запрет произвольного задержания, право хранить молчание и не свидетельствовать против себя и близких родственников (так называемые «правила Миранды»), а также презумпция невиновности.

Впервые на конституционном уровне закреплены обязанность государства возмещать вред, причинённый незаконными действиями государственных органов и должностных лиц, право на защиту интеллектуальной собственности, гарантии цифровых прав, включая защиту персональных данных и цифровую безопасность, а также экологическая ответственность государства и граждан.

Олег АНИСИМОВ,
председатель Текелийского городского суда

АБАЙЛАҢЫЗ, ТЕМІРЖОЛ!

ТЕМІРЖОЛ – ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ КӨЛІК ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ БІРІ. КҮН САЙЫН ТЕМІРЖОЛ АРҚЫЛЫ МЫҢДАҒАН ЖОЛАУШЫ МЕН ТҮРЛІ ЖҮКТЕР ТАСЫМАЛДАНАДЫ. АЛАЙДА ТЕМІРЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҮЗДІКСІЗ ЖҰМЫСЫ ЖОҒАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫН САҚТАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ.ТЕМІРЖОЛДЫҢ ӘРБІР УЧАСКЕСІ, ӘСІРЕСЕ ПОЙЫЗДАР ЖҮРІП ӨТЕТІН ЖОЛ МАҢЫ, ҚАУІПСІЗДІК ТҰРҒЫСЫНАН ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ. СЕБЕБІ ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ ПОЙЫЗДЫҢ САЛМАҒЫ АУЫР, ЖЫЛДАМДЫҒЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚЫСҚА ҚАШЫҚТЫҚТА ТОҚТАТУ МҮМКІН ЕМЕС.

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ - БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Үштөбе жол дистанциясында қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін факторлардың бірі – темiржол жолына малдың шығуы. 2026 жылғы есептік кезеңде дистанция аумағында 42 шұғыл тежеу жағдайы тіркелді. Оның ішінде 19 жағдайда малды басып кету фактісі орын алса, 23 жағдайда пойыз машинистерінің шұғыл әрекеті нәтижесінде малға соқтығысудың алдын алу мүмкін болды.

Бұл сандардың әрқайсысының артында нақты қауіптің тұрғанын түсіну маңызды. Пойыз жолында пайда болған кедергі машинистен жылдам әрі дұрыс шешім қабылдауды талап етеді. Ал шұғыл тежеу пойыздағы жолаушылардың жайлылығына ғана емес, олардың қауіпсіздігіне де әсер етуі мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайлардың салдарымен күрескеннен гөрі, олардың алдын алу әлдеқайда тиімді.

Темiржолға жақын орналасқан елді мекендерде мал ұстау мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Малдың қараусыз қалуы оның темiржол жолына шығуына себеп болуы мүмкін. Мал иелері малды бақылауда ұстап, қоршаулардың жарамдылығын қадағалауы қажет. Қоршаулардың зақымдануы немесе малдың жолға шығуына мүмкіндік беретін ашық жерлер уақытылы қалпына келтірілуі тиіс. Бір қарағанда қарапайым болып көрінетін мұндай шаралар пойыз қозғалысының қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

Темiржолдағы қауіп тек пойызбен соқтығысумен шектелмейді. Белгіленбеген жерден жолды кесіп өту, пойыз тоқтайтын немесе жүретін жолға жақын тұру, вагондарға шығу – адам өміріне тікелей қауіп төндіретін әрекеттер. Темiржолды тек арнайы белгіленген өткелдер арқылы кесіп өту қажет. Жолды кесіп өткен кезде телефонға алаңдамай, құлаққап қолданбай, екі жақтан пойыздың жақындауын мұқият бақылаған жөн. Әсіресе балалар мен жасөспірімдерге бұл талаптарды үнемі түсіндіріп отырған дұрыс. Темiржол бойындағы ойын немесе суретке түсу үшін жолға шығу қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін. Темiржолдағы қауіпсіздік тек техникалық шаралармен қамтамасыз етілмейді. Тұрғындардың қауіпсіздік мәдениеті де үлкен рөл атқарады.Осы бағытта темiржол қызметкерлері тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, темiржол маңындағы қауіпсіз жүріс-тұрыс талаптарын жеткізеді. Мұндай жұмыстардың мақсаты – жазатайым оқиға болғаннан кейін әрекет ету емес, оның алдын алу. Әрбір азамат темiржол нысандарына жауапкершілікпен қарап, қауіпті жағдайды байқаса, тиісті қызметтерге хабарлауы қажет.

2026 жылғы Үштөбе жол дистанциясында тіркелген 42 шұғыл тежеу жағдайы темiржол қауіпсіздігіне бейжай қарауға болмайтынын көрсетеді. Оның ішінде 19 жағдай малдың басып кетуімен аяқталса, 23 жағдайда машинистердің дер кезінде қабылдаған шаралары соқтығысудың алдын алуға мүмкіндік берген. Дегенмен негізгі мақсат – шұғыл тежеу санын азайтып, мұндай жағдайлардың туындауына жол бермеу.

Темiржол қызметкерлері өз міндетін сапалы атқарса, тұрғындар белгіленген талаптарды сақтап, мал иелері жауапкершілік танытса, көптеген қауіпті жағдайлардың алдын алуға болады.Темiржолдағы қауіпсіздік – бір адамның емес, барша қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Асхат БАЙТУЛАҚОВ,
Үштөбе жол дистанциясы бастығының орынбасары

ДРОППЕРЛІК

НАҚТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

Өткен жылдың 16 қыркүйегінен бастап Қазақстанда дропперлікке қатысты жаңа қылмыстық жауапкершілік заң жүзінде күшіне енді. Бұл – банк шоттарына, төлем карталарына немесе жеке сәйкестендіру құралдарына заңсыз қол жеткізу мен оларды пайдалану әрекеттерін қатаң бақылауға алу мақсатындағы маңызды заңнамалық қадам.

Дроппер дегеніміз алаяқтардың заңсыз жолмен алынған ақшасын қолма-қол ақшаға айналдыру үшін пайдаланылатын адам. Олар өз атына банк картасын рәсімдеп, сол арқылы ақшаны аудару мен қолма-қол ақшаға айналдыру жұмыстарын жүзеге асырады. Дропперлер сондай-ақ басқа адамдардың шоттарын пайдаланып, алаяқтық схемаларын іске асырады. Дропперлер – бұл басқа біреудің шоттары, карта деректері немесе құжаттарын пайдаланып, алаяқтар ұрлаған ақшаны алу немесе қолма-қол ақшаға айналдыру үшін көмектесетін адамдар. Олар көбінесе алаяқтардың ізін жасыруға және ұрланған ақшаны заңсыз қолдануға арналған.

Дропперлер тікелей алаяқтық емес, бірақ олардың (алаяқтардың) жұмысын қолдап, заңсыз әрекетке қатысады. Сондықтан оларды әдетте алаяқтардың серігі немесе қылмыстық серігі деп атауға негіз бар. Ал егер дроппер тек алаяқтарға көмектесіп, заңсыз әрекет жасап жатқанын білсе, оны алаяқтардың серігі деп атауға болады. Яғни, ол алаяқтыққа жанама түрде қатысады және заң бойынша жауапқа тартылады.

ҚР Қылмыстық кодексіне енгізілген жаңа 232-1-бапқа сәйкес, енді дропперлік әрекеттері үшін нақты қылмыстық жаза қарастырылған. Демек, оңай олжа табамын деген адамдар мүлкі тәркіленіп, жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын арқалап кету де ғажап емес. Мына бір мәселені де есте сақтаған жөн. Осы бапта көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған, бұл туралы өз еркімен мәлімдеген, сондай-ақ осы құқық бұзушылықты ашуға немесе оның жолын кесуге белсенді түрде ықпал еткен адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Қазақстанда дропперлікке қарсы күрес жаңа деңгейге көтеріліп, алаяқтықтың алдын алу бойынша шаралар күшейтілуде. Жастардың, әсіресе студенттердің, алаяқтыққа тартылмауы үшін құқық қорғау органдары профилактикалық жұмыстарды белсенді жүргізуде. Өз қауіпсіздігіңізді сақтау және заңсыз әрекеттерге араласудан аулақ болу – әр азаматтың міндеті.

Бүгінде интернет-алаяқтар адамның сенгіштігін, қаржылық сауаттылығының төмендігін және оңай табысқа деген қызығушылығын пайдаланады. Сондықтан банк картасы – жеке құжатыңыз сияқты маңызды қаржылық құрал екенін, оны бөтен адамға беру – өз қаражатыңызға ғана емес, өз болашағыңызға да қауіп төндіретінін қатаң есте сақтағандарыңыз абзал. Бір сәттік жеңіл табыс ұзақ уақытқа созылатын құқықтық мәселелерге әкеп соғуы ықтимал. Ендеше, кез келген қаржылық ұсынысқа сын көзбен қарап, сақтық шараларын сақтау – интернет-алаяқтықтан қорғанудың ең тиімді жолы болып табылатынын естен шығармаңыздар.

Меруерт ЕСЕЛБАЕВА,
Текелі қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

ҚОЛДАНЫС АЯСЫН КЕҢЕЙТУ ЖОЛЫНДА

Сот төрелігін жүзеге асыруда мемлекеттік тілдің қолданылуы – ұлттық құқықтық жүйенің басты талаптарының бірі. Әсіресе азаматтық сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік тілдің қолданысы азаматтардың құқықтарын толық көлемде қамтамасыз етуге және әділ сотқа қол жеткізуге ықпал етеді. Осы маңызды мәселелені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын кеңейту жолында атсалысуға міндетті. Мәселен, сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Сондықтан мемлекеттік тілді сот саласындағы қолдану аясын да барынша арттыра түсу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланған жөн деп ойлаймын. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Демек, әркім өзінің конституциялық құқықтарын дұрыс пайдаланып, жақсы білетін ана тілінде, яғни, қазақ тілінде арызын беретін болса, соттағы іс сол тілде жүргізіледі.

Ал сот төрелігін жүзеге асырудағы сот ісінің тілі туралы қағидаттың сақталмауына байланысты бірқатар кемшіліктерге жол беріліп келе жатқаны құпия емес. Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеушілер өздері жақсы меңгерген орыс тілінде істі жүргізуге мүдделі болып, айыпталушыны да, жәбірленушілерді де осы тілде жауап беруге мәжбүрлеген жағдайлар аз кездеспейді. Сондықтан іс сотқа келіп түскенде, кейде жәбірленушілер, басқа жағдайда сотталушылардың өздері сот өндірісінің тілін білмейтін болып, аудармашы талап етіп отырған жағдайларды көп кездестіреміз. Бұған қоса қорғаушылар тарапынан да өздерін қорғауындағы адамдарды өздерінің айтқандарына көндіріп, айдағандарына жүргізуге тырысатынын да кездестіріп жатамыз. Оны ,әсіресе, процестер кезінде анықтап жатамыз. Демек, мұндай кемшіліктерді түзетіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырғымыз келсе, бірінші кезекте қарапайым халықтың құқықтық сауатын ашуымыз қажет. Олар өздерінің конституциялық құқықтарын, сотқа меңгерген тілінде, ана тілінде арыз беруіне, жауап беруіне құқықығы бар екенін бастапқы тергеу амалдары кезінде толық пайдаланып, заңның бұрмалануына жол бермейтіндей дәрежеге жеткізу керек. Ал, көбіне қарапайым адамдар заңгерлердің, полиция қызметкерлерінің жетектеріне еріп кетіп, меңгермеген тілінде толтырылған құжаттарға қол қоя беретіні құпия емес.

Міне, осындай олқылықтардың орын алуына жол бермес үшін жұртшылықпен кездесулер өткізіп, түсінік жұмыстарын жүргізу, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау жұмыстарын жүргіссе нұр үстіне нұр болар еді. Бұған тергеушілер мен прокурорлардың, адвокаттардың бас қосуларын өткізіп, сот ісінің тілі туралы толғағы жеткен осы мәселені талқылау өткізіп, кемшіліктерді жою жолдары қарастырылса да ортақ істің ілгері басуына ықпал етер еді деп ойлаймыз.

Айнұр СЕЙІЛХАНОВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы

Беттегі материалдар топтамасын дайындаған Ш.ХАМИТОВ

ЕРКІН КҮРЕС

БАЛУАНДАРЫМЫЗДЫҢ БАҒЫ ЖАНДЫ

2026 ЖЫЛДЫҢ 01-04 ҚАЗАН КҮНДЕРІ АРАЛЫҒЫНДА АБАЙ ОБЛЫСЫ, КАЛБАТАУ АУЫЛЫНДА ЕРКІН КҮРЕСТЕН ЖАРМА АУДАНЫНЫҢ ЖАС СПОРТШЫЛАРЫН ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН V-ШІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРДЕ МЕКТЕБІМІЗДІҢ СПОРТШЫЛАРЫ БЕС МЕДАЛЬДЫ ҚОРЖЫНҒА САЛДЫ.







Атап айтсақ, 75 келі салмақта белдескен Ержігіт Хамит пен 48 салмақ дәрежесінде боз кілемге шыққан Темірлан Қызыр жеңімпаз атанса, 75 келі салмақта күрескен Бейбарыс Дарвай шешуші кездесуде ғана қарсыласына жол беріп, күміс медаль еншіледі. Сондай-ақ, 48 келі салмақта тағы бір балуанымыз Абылай Жарқынбаев және 44 келі салмақ дәрежесінде Ернұр Нұраханов жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтеріліп, қола медальға ие болды.

Сүйсінерлігі сол, еркін және әйелдер күресінен Талдықорған қаласында Социалистік Еңбек Ері Зылиха Тамшыбаеваны еске алуға арналған республикалық турнирге қатысқан оқушыларымыз да жақсы нәтижелерге жетті. Мәселен, бұрымды балуандарымыз Іңкәр Сейтжан 55 келі салмақта және 62 келі салмақта Айгерім Полатбай ақтық белдесулерінде ғана ұтылып, күміс жүлдегер атанса, бозбалаларымыз Елнар Жанғазы 65 келіде сынға түсіп, Нұртас Амангелді 57 келі салмақта боз кілемге шығып, қола медальға қол жеткізді.

Сонымен, қос турнирге қатысқан балуандарымыздың бағы жанып, қоржынымызға 9 медаль салды. Спортшыларымызды жеткен жетістіктерімен құттықтаймыз!

Айман СЕРІККҰЛОВА,
мектеп-интернат-колледжінің әдіскері.

ЖАЙДАРМАН

ҚОС ЖАРЫСТА ДА КҮМІС МЕДАЛЬ ЕНШІЛЕДІ

Панфилов ауданының №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары соңғы күндері бірнеше турнирлерге қатысып, бағын сынады. Солардың бір екеуіне тоқтала кетейік.




2026 жылдың 2-6 қазан күндері аралығында Грекияның Салоники қаласында самбо күресінен жастар, жасөспірімдер және кадеттер арасында өткен әлем чемионатында 47 кг салмақ дәрежесінде белдесуге шыққан Панфилов ауданының №1-балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің түлегі Қарақат Рахыбай ақтық белдесуге дейін қарсылас шыдатпай, алтын медаль үшін айқаста ғана ұпай санымен ұтылуға мәжбүр болды. Сөйтіп, білікті бапкер Алмас Ораловтың шәкірті Қарақат күміс медальды қанжығалады.

Үстіміздегі жылдың 30 қыркүйек 04 қазан күндері аралығында Талдықорған қаласында 2014-2015 жылы туған жасөспірімдер арасында волейболдан өткен Жетісу облысының күзгі чемпионатында жаттықтырушылар Бегзат Нұрсағат, Бақытқелді Нұрмұқаев даярлап апарған Панфилов ауданының №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің құрама командасы 2-орын иеленді.

Осылайша, біздің оқушылар екі жарыстан да күміс жүлделер олжалап қайтты. Спортшыларымызды осы табыстарымен құттықтаймыз!

Ардақ ЕЛТАЕВ,
Панфилов ауданының №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

V АЗИЯ ПАРА ОЙЫНДАРЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 150 СПОРТШЫ СЫНҒА ТҮСЕДІ

18–24 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА ЖАПОНИЯНЫҢ АИЧИ ПРЕФЕКТУРАСЫ МЕН НАГОЯ ҚАЛАСЫНДА ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ, КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАНҒАН ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР СПОРТШЫЛАР АРАСЫНДА V АЗИЯ ПАРА ОЙЫНДАРЫ ӨТЕДІ.




Байрақты бәсекеде Қазақстан ұлттық командасының сапындағы 150 спортшы спорттың 12 түрі бойынша өнер көрсетеді. Атап айтқанда, волейболды отырып ойнаудан – 12, пара таеквондодан – 8, пара дзюдодан – 26, пара үстел теннисінен – 12, пара оқ атудан – 12, пара жеңіл атлетикадан – 14, пара садақ атудан – 9, пара жүзуден – 21, арбадағы теннистен – 3, пара пауэрлифтингтен – 15, боччадан – 5 және пара велоспорттан – 13 спортшы қатысады.

«Азия Пара ойындарында Қазақстан ұлттық құрамасының спортшылары 1 командалық және 11 жекелей спорт түрінен ел намысын қорғайды. Биылғы ойындарда Қазақстан құрамасы арбадағы теннистен алғаш рет бақ сынайды. Сонымен қатар пара жеңіл атлетикадан зияткерлік даму ерекшеліктері бар спортшылар да тұңғыш рет ел намысын қорғайды. Атап айтқанда, олар жеңіл атлетикадан Т20 және пара үстел теннисінен 11-сыныпта жарыс жолына шығады.

Ойындар алдындағы дайындық барысында спортшыларымыз 23 оқу-жаттығу жиынынан өтіп, 22 халықаралық турнирге қатысып, 63 медаль жеңіп алды. Алдағы жарыстарда да спортшыларымыз өз шеберліктерін барынша көрсетіп, лайықты нәтижелерге қол жеткізеді деп сенеміз», – деді Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының Спорт бойынша басқармасының басшысы Қайратбек Сеитбеков.



Қазақстандық пара спортшылар үшін V Азия Пара ойындарының алғашқы жарыстары 16-шы қазанда пара үстел теннисінен жекелей ойын түрінен басталады. Ал жарыстың ресми ашылу салтанаты 18-ші қазанда Нагоя қаласының Мидзухо жеңіл атлетика стадионында өтеді.

Айта кетейік, V Азия Пара ойындарына 45 елден 4000-ға жуық спортшы қатысып, спорттың 18 түрінен 502 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Жетісу облысынан осы байрақты бәсекеде 4 спорт түрі (садақ, пауэр, бочча, стөл тенисі) бойынша жалпы 11 спортшы қатысып, еліміздің намысын қорғайды. Жерлестеріміздің жақсы жетістіктерге жетуіне тілектеспіз!

Алуа БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз хатшысы.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСІ

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Жаздың соңғы кездерінен күн салқындап, жауын-шашын көбейеді. Бұл кезеңде адамның иммунитеті әлсіреп, тұмау мен суық тию секілді аурулар жиілей бастайды. Дәрігерлердің айтуынша, қарапайым ережелерді сақтау арқылы денсаулығыңызды күзде де мықты ұстауға болады, - деп хабарлайды Dauletten.kz.



1. Дәрігер-терапевттердің кеңесі бойынша, күзде ағзаға дәрумендер жеткілікті түсуі қажет. Рационға көкөніс пен жемістерді көбірек қосып, әсіресе С дәруменіне бай өнімдерді (цитрус, қарақат, қызанақ, болгар бұрышы) тұтынған пайдалы.

2. Күн райы құбылмалы болғандықтан, мамандар қабаттап киінуді ұсынады. Бірден қалың киім кигеннен гөрі, жеңіл бірнеше қабат киім жылыны жақсы ұстайды және ауа айналымын сақтайды.


3. Күзде ең көп кездесетін аурулардың бірі – ЖРВИ. Одан сақтану үшін қолды жиі жуу, адам көп жиналатын жерлерде бетперде тағу, бөлмені желдетіп тұру маңызды.

4. Күз мезгілінде күн қысқарады, адамдардың қозғалысы азаяды. Дәрігерлер аптасына кем дегенде үш рет серуендеуді немесе жеңіл жаттығу жасауды ұсынады. Бұл қан айналымын жақсартып, көңіл-күйді көтереді.

5. Салқын мезгілде ағзаның дұрыс қалпына келуі үшін 7–8 сағат сапалы ұйқы қажет. Дәрігерлер ұйықтар алдында гаджеттерді пайдаланбауға, бөлмені желдетіп, жайлы жағдай жасауға кеңес береді.

6. Кейбір жағдайда дәрігерлер қосымша дәрумендік кешендерді қабылдауға кеңес береді. Сонымен қатар тұмауға қарсы вакцина – күзгі маусымда ең тиімді профилактикалық шаралардың бірі.

Дәрігерлердің айтуынша, күзде денсаулықты сақтау үшін бастысы – дұрыс тамақтану, жылы киіну, иммунитетті күшейту және жеке гигиенаны сақтау. Қарапайым ережелерді орындау арқылы сіз суық тиюден сақтанып, маусымды жеңіл өткере аласыз.



Тарату аумағы: *Қазақстан Республикасы*

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Құралай МУСАНОВА - корректор-журналист
Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Қ. Мусанова

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 925

Индекс 15534